

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 102 (9679) 1955 жылғы 24 май Сейсенбі // Шығуына 36 жыл, жеке саны 20 тыйын.

## Шөп шабуға тыңғылықты әзірленейік

Коммунистік партия мен Совет Үкметі мал шаруашылығын шұғыл өрге бастыру міндеттерін жүзеге асыруда малды концентратпен, сүрленген азықпен, балғын және жай жемшөптен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етудің зор маңызы бар екендігін атап көрсетіп, мұны үнемі ескертіп келеді. Сөйтіп, жемшөп базасын нығайту үшін жемшөптің барлық қорларын барынша толық пайдалануды жергілікті партия, совет ұйымдарынан, ауылшаруашылық органдарынан талап етуде.

Бірақ бұл маңызды міндеттерді жүзеге асыруда біздің облысымызда елеулі кемшіліктердің болып келе жатқандығын атап айту керек. Демек, соңғы жылдары облысымыздың бірқатар колхоздары мен совхоздарында мал азығы ташпы болып жүр. Соның салдарынан оларда мал шаруашылығының өнімділігі кеміп, тіпті малдың шығын болуына да жол берілуде.

Өткен жылы Прищип, Мамлют, Совет аудандарында мал басын өсірудің жылдық жоспары орындалмады. Ал мал шаруашылығының өнімдері жоспарланған мөлшерден әлдеқай кем алынды. Бұл аудандардың колхоздары мен совхоздары көбінесе сүт, май, жүн өнімдері жөнінде мемлекетке қарыздар болып қалды. Оның үстіне өздерін де мал шаруашылығының өнімдерімен қамтамасыз ете алмады.

Бұл төзгісіз жағдайдың бөлу сыры неде? Оның сыры мынада болды: алдымен, аудандық партия комитеттерінің, Совет атқамдерінің, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың басшылары жемшөп әзірлеуге дайындықты нашар жүргізді. Өздігінен жүретін, тракторға тіркелетін, көлікке жегілетін шөп машиналары, шөп жыйнайтын, үйетін, престейтін, машиналар мен құралдарды жөндеу ұзаққа созылды. Ал пішен науқаны кезінде шөп шабу мен маялаудың арасында алшақтық болып, едәуір шөп жалда жатып, жауынға тиіп шіріп кетті, біразы жұрымдық сапасын жойды. Егіннің сабаны мен тоңанын жыйнау, сүрленетін дақылдарды жыйып, сүрлеу жұмыстары тиісті дәрежеде жүргізілмеді. Осының барлығы өткен қыста көп малдың

колхоздардың басқармалары, оның председателдері Бәдірбаев, Попов жолдастар көзір естен шығарып, шөп шабуға ешқандай әзірлік жүргізбей келеді. Оларда көлікке жегілетін шөп машиналары, тырнауыштар, қол шалғы, айыр сыяқты құралдар ұста дүкендерінің жанында жөндеуге қойылмастан, үйілген қалыңда жатыр. Мұны осы колхозды қамтығанда Ильич атындағы МТС-тің директоры Букатин, бас зоотехнигі Чернышов жолдастар білмей, көрмей жүрген жоқ. Бірақ Букатин, Чернышов жолдастардың шөп шабуға әзірлікті ұйымдастыруда колхоздарға басшылық жасамағанын айтпағанын өзінде МТС-тегі шөп машиналарын да жөндеуге басшылық жасамай келеді.

Істің жайы Октябрь ауданындағы Коновалов МТС-нің аймағындағы колхоздарда да осындай. Коновалов МТС-інде тракторға тіркелетін, өздігінен жүретін машиналарды, шөп жыйнайтын, үйетін-маялайтын саймандарды жөндеуде небары 5-6 адам ғана жұмыс істейді. Олардың өздері де жұмыс күнін толық пайдаланбайды. Бұл жағдай МТС директоры Ломазов, бас зоотехнигі Шонанов жолдастарға әбден мәлім. Ама! не, олар малдың қысқы қамын ойламай, арқаны кенге ғалып жүр.

Облыста шөп шабуға әзірлік жайы осылай төзгісіз болып отырғанда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов, совхоздар тресінің директоры Корнилович жолдастар не істен отыр деген заңды сұрақ туады. Тұрасын айту керек, бұл жолдастардың колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға басшылығы оларға «жемшөп дайындауға әзірлікке кірісу керек» деп телефон соғудан, не бұйрық, қатынас қағаздар жіберуден аспай отыр.

Газетіміздің бүгінгі нөмірінде Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1955 жылы шөп жыйнау мен жемшөп сүрлеуді өткізу туралы» қаулысы жарияланып отыр. Бұл қаулыны колхозшыларға, МТС, совхоз жұмысшыларына жете түсіндіру, сол сыяқты жемшөп дайындауға әзірлікті тез аяқтауды қамтамасыз ету аудандық партия комитеттерінің, бастауып партия ұйымдарының, аудандық атқару комитеттерінің,

СОКП Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советі мал шаруашылығын шұғыл өрге бастыру міндеттерін жүзеге асыруда малды жеткілікті мөлшерде концентрат, балғын және жай жемшөптермен қамтамасыз етудің шешуші маңызы бар екенін талап рет көрсетіп берді және жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан жемшөп базасын ұйымдастыруды және колда бар жемшөп қорларын толық пайдалануды түбірімен жақсартуды талап еткен болатын.

Бірақ Қазақ ССР-нің көптеген колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындау жайы бірнеше жылдар бойына мейлінше қанағаттанғысыз, ал жемшөп базасы сақаласытылған жағдайда болып келді. Бұған себеп: көптеген колхоздар, МТС және совхоздар, партия және совет ұйымдары басшыларының малды алуан түрлі жемшөп пен тойындыра азықтандырмастан-ақ мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға жетуге болады деп ойлап, жемшөп өндіруді арттыру жолында табанды күрес ұйымдастырмай келгені болды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республикамызда жемшөп өндірудің артта қалу себептерінің бірі шөп шабу мен жемшөп сүрлеуді дер мезгілінде өткізуге немқұрайды қараушылық болып табылады деп санайды. Мұның өзі жемшөп қорын жасау жоспарының жыл сайын орындалмауына, жемшөптің жұрымдық сапасының жойылуына, сайып келгенде малдың шығын болуына әкеліп соқтырып келді.

Республиканың көптеген колхоздары, МТС және совхоздары шөп жыйнауға ұдайы әзірліксіз кірісуде, қолда бар шөп жыйнайтын машиналарды жемшөп дайындаудың алғашқы күндерінен бастап-ақ өнімді пайдалануды қамтамасыз етпеді, шөп шабу мен пішен маялаудың арасында елеулі алшақтық болуына жол берді, жемшөп дайындауға жеткілікті мөлшерде адамдарды қамтымады, пішенді маялау, сүрлеу және престеу жөніндегі жұмыстарды жеткілікті механикаландырмады, пішенді мал қыстайтын орындарға тасып жеткізуді ұзаққа созды. Жемшөп сүрлейтін құрылыстардың әзірленілмеуі, сүрленетін дақылдар мен шөптердің дер мезгілінде жыйналмауы салдарынан жемшөп сүрлеу жоспары орындалмай отырды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап көрсетті: республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі, совхоздар министрлігі, облыстық және аудандық партия

ру жөніндегі машиналарды агрегаттауға арналған тетіктер қажетті мөлшерде жасалыны;

жаппай шөп шабу және пішен маялау кезінде техникалық ақаулардың салдарынан шөп жыйнайтын машиналардың босқа тұруына жол бермеу үшін далалық жағдайда шөп жыйнап жүрген трактор бригадаларына қызмет етуге арналған қажетті мөлшердегі жылжымалы жөндеу мастерскойлары әзірленсін;

шөп жыйнау басталғанға дейін әрбір МТС-те, әрбір совхозда таңдаулы тракторшылар мен басқа да механизатор кадрлардың қатарынан тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін шөп машиналары мен мая үйгіштерде жұмыс істейтін машинистерді даярлау, тракторға тіркелген шөп жыйнайтын агрегаттарды тәжірибелі тракторшылармен және машинистермен, сондай-ақ қажетті мөлшерде колхозшылармен, совхоз жұмысшыларымен толықтыру, оларды шөп жыйнау жұмыстарының бүкіл комплекетін өткізуде талап етілетін күш-көлігімен және транспортпен қамтамасыз ету шаралары жүргізілсін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі шөп шабу, пішен маялау жөнінде әрбір облыс үшін бескүндік тапсырмалармен пішенді мал қыстайтын жерге тасып жеткізудің айлық тапсырмаларын бекітті.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Совхоздар министрлігіне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС және совхоз директорларына мынадай жұмыстар істеу ұсынылды:

25 майдан кешіктірмей әрбір аудан, колхоз және совхоз бойынша олардың шабындық жерлермен қамтамасыз етілуін қарау, колхоздар мен совхоздарда шөп шабудың белгіленген жоспарына сәйкес, бекітіліп берілген жерде шөп шабуға жарайтын участоктерді іріктеп алу және бөлу, сондай-ақ жетіспеген шабындықты колхоздардың, совхоздардың мемлекеттік қордың және мемлекеттік орман қорының пайдаланылмай жатқан жерлері есебінен бөліп беру жұмыстары жүргізілсін.

Колхоздар мен совхоздардағы шөп шабуға бөлінген жерлерді томарлардан арыту, шұңқырларды тегістеу, қоқыстарды жыйнау, қажет болған жерлерде тырмалау, шөптің шығымдылығын арттыруды қамтамасыз ететін басқа да агротехникалық шаралар қолдану жұмыстары жүргізілсін. Шөп шабуға бөлінген участоктарда

пішеннің қыста мал жайылатын жерлерге тасып жеткізілуі қамтамасыз етілсін, бұл үшін пішен тасуды 15 июльге дейін аяқтауды қамтамасыз ететін мөлшерде арнаулы жабдықталған автомашиналар, трактор, көлік транспорты бөлінсін.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Совхоздар министрлігіне, облыстық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне және ауылшаруашылық органдарына колхоздар мен совхоздарда 1954-1955 жылдарда мал қыстатудан қалған жай жемшөптің есебін алу және жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасып, толығынан сақтауға қажетті шаралар қолдану ұсынылды.

Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, МТС және совхоздар директорлары, колхоздардың басқармалары қанша жердің шөбі шабылғанын, дайындалған пішеннің есебін күн сайын алып отыруға, бригадирлердің, бөлімшелер, фермалар басқарушыларының және шаруашылықтарда жұмыс істеп жүрген мамандардың дайындалған пішеннен басқа да жемшөптердің дұрыс өлшенуі есепке алынуы және дер мезгілімен кіріске енгізілуі үшін жауапкершілігін арттыруға міндетті.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Совхоздар министрлігіне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне колхоздар мен совхоздар да егін жыйнауының алғашқы күндерінен бастап-ақ сабанды маялауды ұйымдастыру және сабанның, дәнді дақылдардың бүкіл егіс көлемінен жыйналуын қамтамасыз ету ұсынылды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері 1955 жылы мемлекетке міндетті түрде пішен тасыру жоспарын әрбір колхоздың сөзсіз орындауын қамтамасыз етуге, бұл үшін алғашқы шабылған және жақы сапалы пішенді дайындау пункттеріне тасып жеткізуді ұйымдастыруға міндетті.

Малдың өнімділігін арттырудың шешуші шарғы ретінде сүрленген жемшөпті дер мезгілінде дайындауға ерекше зор маңыз бере отырып, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Ауыл шаруашылығы, Совхоздар министрліктерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін, облыстық және аудандық атқару комитеттерін, МТС және совхоздар директорларын, колхоздардың басқармаларын мынаған міндеттеді:

ларының бұл жұмысқа жаппай қатысуына және оларды материалдық жағынан ынталандыру шараларын қолдануға байланысты екендігін еске ала отырып, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, МТС және совхоз директорларына, колхоз басқармаларына мыналарды міндеттеді.

Шөп жыйнау жұмысы басталғанға дейін колхоздар мен совхоздарда негізгі пайдаланылатын жерлерді және отардағы участоктерді жемшөп дайындау үшін жемшөп жыйнайтын бригадаларды толық құрып, бұл бригадаларды қажетті мөлшерде машиналармен, жұмыс көлігімен, транспорт құралдарымен қамтамасыз ететін болсын;

Әрбір колхоз бен совхозда ат жегіп жұмыс істейтін жемшөп жыйнайтын бригадалар құрылсын. Бұл бригадаларға тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін шөп шабатын машиналарға пайдалануға жарамайтын шабындық участоктері бекітіліп берілсін, олар көлікпен, шөп шабатын машиналармен және сүйретпелермен қамтамасыз етілсін;

МТС-терде, колхоздарда және совхоздарда шөп шабу және жемшөп сүрлеу жоспары жасалынып, бұл жоспар колхоздың әрбір өндірістік бригадасына, МТС және совхоздың трактор бригадаларына жеткізілсін;

Колхозшылар жемшөп дайындау жұмысына барынша көп қатысатын болсын, бұл үшін олар жемшөп дайындаған кезде басқа жұмыстардан босатылсын, жемшөп дайындалатын орындарда дала қостары жабдықталып, қажет болған жағдайларда көпшілік тамағы ұйымдастырылсын;

Жемшөп жыйнауға және дайындауға ташқан еңбеккүндеріне колхозшыларға және трактор бригадаларының қызметкерлеріне дайындалған, колхоз басқармасы кірісіне енгізіп қабылдап алған жалпы шөп пен сабанның 10 процентке дейін сабан беру, ал табиғи шөпті екінші рет шал қанда—жемшөптің 20 процентін беру жөніндегі белгіленген тәртіп қатаң орындалатын болсын. Шөп дайындау жоспарын орындаған колхоздарда жоспардан тыс дайындалған шөптің 30 проценті еңбеккүндеріне берілсін. Бұдан басқа жемшөп дайындаған кезде барлық колхозшыларға жыл басынан бері тапқан еңбеккүндеріне жалпы дайындалған шөптің мөлшерінен 5 процентке дейін аванс және дайындалған және сүрленген сабаннан 10 процент



дың шығын болуына әкеліп соқты.

Міне осындай жағдайды бастан кешірген Приешім, Мамлют, Совет аудандарының колхоздары, МТС-тері мен совхоздары быйылғы жылы да пішен науқанына әзірлікті көшеуілдетіп, өткен жылғы кемшіліктерін қайталап отыр. Бұл аудандардың колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының басым көпшілігі шөп шабуға әзірлікке кіріскен де жоқ. Әсіресе тракторға тіркелетін, өздігінен жүретін шөп машиналары сыяқты күрделі машиналарды жөндеудің қолға да алынбай отыруы қынжылырлық-ақ іс. Солай бола тұрса да, аталған аудандардың аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарлары Ординарцев, Хитрин, Свержунов, Совет атқандарының председателдері Савинов, Жақан, Живулина жолдастар колхозшыларды, МТС, совхоз қызметкерлері мен жұмысшыларын пішен науқанына әзірлікпен шұғылдандыра алмай, бұл іске басшылық етуде икемсіздік көрсетіп келеді.

Шөп шабуға әзірліктегі мұндай кемшіліктер Ленин, Октябрь аудандарында да орын алып отыр. Ленин ауданындағы Калинин атындағы, Сталин атындағы колхоздарда өткен қыста жемшөп әрі аз, әрі жұғым сапасы кем болғандықтан оларда ондаған мал шығын болды. Амал жалған мал жүдеп, қыстан өте арық шықты. Қыс күндерінде сауын сыйырлардан сүт екі-үш литрден ғана алынды. Осыны

## Бір колхоздағы құрылыс жұмысына үш миллион сом қаржы жұмсалады

Алматы ауданының «Луч Востока» колхозының суармалы егістік жерлері, баулары мен күздіктері Іле Алатауының етегінде кең өлкені алып жатыр. Өткен жылы артельдің табысы 16,5 миллион сом болды. Мұның өзі құрылысқа едәуір көптеген қаржы бөлуге мүмкіндік берді. Су проводын салу аяқталды. Аумағы 308 шаршыметр екінші теплицаның құрылысы аяқталуға жақын. Үшінші теплицаның ірге тасы қалануда. 400 тонна өмпе сақтауға арналған подвалдың құрылысы тең жарымына дейін әзір болды. Бензин қойма салынып жатыр.

Колхоз үстіміздегі жылы жүгері егісінің көлемін мықтап ұлғайтты. Жүгері қазірдің

## Партия мен үкметтің шақыруы бойынша

ҚЫЗЫЛОРДА, (ҚазТАГ). СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің колхоздарды басшы кадрлармен нығайту туралы шақыруына жауап ретінде облыстың көптеген партия, совет және шаруашылық қызметкерлері селоба барып еңбек етуге тілек білдірді. Облыстық партия комитеті басшы қызметкерлердің алғашқы тобын колхоз председателдігі қызметіне

басшыларының аса маңызды міндеті.

Кәзіргі басты міндет—жөндеуден өткізілуге тиіс өздігінен жүретін, тракторға тіркелетін, көлікке жегілетін шөп машиналарын шөпті жыйнап-маллайтын, престейтін, жемшөпті сүрлеуге дайындайтын машиналар мен саймандарды, сондай-ақ мал азығын базаларға тасыйтын арбаларды, құралдарды шөп шабу басталғанға дейін жеткілікті мөлшерде әрі тез, әрі сапалы жөндеу шығуда болып отыр. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары жемшөп базасын жасаудың негізгі шарттарының бірі болып саналатын бұл жұмыстарды қарқынды жүргізуге күнбе-күн нақтылы басшылық жасап отыруға тиіс.

Быйыл ерекше көңіл бөлетін мәселенің бірі—мал азығы үшін егілген жүгеріні, табиғи шабындықтардың шөбін, сүрленетін басқа да мал азықтық құнбағыс, қызылша, бақшалық және өмпе дақылдарының жапырақтары сыяқты құнарлы азықты жыйнаумен қатар егіннің сабаны мен топанның да жыйнауға күшті әзірлік жүргізу. Солдықтан сүрлем турағыш машиналарды, жемшөп сүрлейтін орындарды әзірлеу ісіне баса көңіл бөлу керек.

Мал азығының берік базасын жасау жолында колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары арасында саяси-бұқаралық жұмыстарды жақсарту, озаттардың тәжірибесін насихаттау, социалистік жарысты кеңінен өрістету—партия, совет ұйымдарының тікелей міндеті.

өзінде 430 гектар жерге шаршы-ұялы әдіспен егілді. Жүгерінің собығын сақтайтын үш қойма салына бастады. Егін жыйнау басталғанға дейін әр қайсысының сыйымдылығы жүз тонна тағы да бес жүгері қойма салынып болады. Бір жарым мың тонна жемшөп сүрлейтін трансей салынып жатыр. Колхозда мұнымен қатар сыйыр малын қолдан ұрықтандыратын үш пункт салынауда, толығымен механикаландырылған үлгілі екі сыйыр қора, бір мың тауық күтуге арналған екінші құс қорасын салу белгіленді. Тұрғын үй құрылысы кеңінен өріс алуда.

Колхоз быйыл күрделі құрылысқа 3.110.000 сом бөлді. (ҚазТАГ).

ұсынды. Бұлардың қатарында Арал аудандық Советі атқару комитетінің председателі М. Есмағамбетов, Сырдария аудандық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары Ю. Бисариев және басқалары бар.

Алғашқы топ үш апталық курсқа кеше Шымкентке жүріп кетті.

комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, сондай-ақ көптеген МТС және совхоз директорлары, колхоз председателдері өткен жылдарда шөп жыйнау мен сүрлеуді өткізуде орын алған елеулі кемшіліктерден тиісті қорытынды шығармады, шөп жыйнауға әзірліктегі бұл қателіктерді быйыл да қайталауда.

Мұның салдарынан республиканың МТС-терінде тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін шөп машиналарын жөндеудің жоспары бірінші майға дейін небары 46,6 процент, сүрленетін жемшөп турағыштар жөндеу жоспары 26,2 процент орындалды. Совхоздарда шөп машиналарын жөндеу жоспары небары 23 процент орындалды. Шөп шабатын машиналарды жөндеу жұмыстары Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында мейлінше нашар жүргізілуде. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы және Талдықорған облыстарының МТС-тері шөп жыйнайтын машиналар жөндеудің жоспарын небары 46,7—71,7 процент, ал совхоздары—26,1—61,6 процент мөлшерде ғана орындады. Бұл облыстардың колхоздары мен совхоздары жемшөп сүрлейтін құрылыстар салуға және жөндеуге осы уақытқа дейін кіріскен жоқ.

МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың шөп жыйнау мен жемшөп сүрлеуді өткізуге әзірлігінің қанағаттанғысыз жағдайы мүлде төзгісіз болып отыр және республикада мал шаруашылығын оған әрі өркендету ісіне қатер туғызуда.

Колхоздар мен совхоздарда шөп жыйнау мен жемшөп сүрлеуді ұйымшылдықпен және дер мезгілінде өткізу, малды 1955-1956 жылдың қысында жай және балғын жемшөптермен толық қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі 1955 жылы әрбір колхоз бен совхоз бойынша қорамдық малға арналған жемшөп қорын жасау жоспарын егін жыйнау басталғанға дейін орындауды және колхозшылардың тапқан еңбек күндеріне жемшөп беруді қамтамасыз етуді партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, МТС-тердің, совхоздар мен колхоздар қызметкерлерінің алдына өте маңызды міндет етіп қойды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін, облыстық және аудандық атқару комитеттерін, МТС-совхоз директорларын, колхоз басқармаларын мынаған міндеттеді:

МТС-терде, колхоздар мен совхоздарда шөп жыйнайтын машиналарды жөндеу шөп жыйнау басталғанға дейін аяқталсын;

МТС-тер мен совхоздарда шөп жыйнау жұмыстарын комплексті механикаланды-

Шөп жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап-ақ шөп жыйнайтын барлық машиналарды жұмысқа қосу, олардың күні бойы тоқтаусыз пайдаланылуын және әрбір тракторға тіркелген немесе аспалы шөп машинаның сменасына кемінде 20 гектар, өздігінен жүретін шөп машинасының 30 гектар, ал атқа жегілетін шөп машинаның 4 гектар шөп шабуы қамтамасыз етілсін.

Шөп шабу мен пішен маялау арасында алшақтық болуға жол бермей, шөп жыйнаудың барлық процестерін дер мезгілінде комплексті өткізу ұйымдастырылсын, пішенді маяға дұрыс үю қамтамасыз етілсін. Далалық жердегі шабындықтарда шөп шабу мен пішенді дестелеп жыйнау жұмыстарын қатарынан жүргізу үшін машиналарды агрегаттау шаралары жүргізілсін.

Пішен маялауда қолда бар мая үйгіштерді әрбір МТС-те, әрбір колхоз бен совхозта толық қуатымен пайдалану, ал қажетті болған жағдайларда шөп жыйнау басталғанға дейін жетіспеген мөлшердегі қарашайым мая үйгіштермен күде жасағыштарды, пішен маялауға арналған баыққа да құралдарды жасап алу қамтамасыз етілсін.

Шөп жыйнауды өткізумен қатар жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасып жеткізу ұйымдастырылсын, бұл үшін өндірістік бригадаларда қажетті мөлшерде жұмыс көлігін, арбалар, адамдар, автомашиналар және әсіресе, түнгі уақытта егіс жұмыстарынан бос тракторлар бөлінсін. Шабылған пішеннің бәрін мал қыстату басталғанға дейін базаларға тасып алу үшін пішен тасу ең алдымен алыс учасқотерден басталсын.

Жеткілікті мөлшерде жемшөп дайындауға мүмкіншілік болмайтын қысқы жайылым учасқотерінде пішеннің сақтық запасын дер мезгілінде жасап алу мақсатымен облыстық атқару комитеттері, аудандық атқару комитеттері, МТС және совхоз директорлары, колхоздардың басқармалары мыналарды істеуге міндетті:

Шөп жыйнау басталғанға дейін әрбір колхоз, совхоз қысқы жайылым учасқотері бойынша қажет болатын пішеннің мөлшерін анықтап, жетіспейтін, тасып әкелінуге тиісті пішеннің мөлшерін анықтайтын болсын;

Жемшөппен қамтамасыз етілмеген қысқы жайылым учасқотеріне тасып жеткізу үшін шөп жыйнауың алғашқы күндерінен бастап-ақ пішенді пресстеуді ұйымдастырып, бұл үшін арнаулы бригадалар құрып, олардың қарамағына пішен пресстеуге арналған қажетті мөлшерде пішен пресстері мен басқа да материалдар бөлінеін. Пішен пресстеу бірінші июльден кешіктірмей аяқталсын;

Пішенді пресстеумен қатар пресстелген

Сүрлеу үшін егілген жүгерінің, күноағыстың және басқа мал азығындық дақылдардың бүкіл егіс көлемінен мол өнім алу үшін бұл егістерді дер мезгілінде және мұқият күту жұмыстары ұйымдастырылсын. Сүрлеу үшін егілген жүгерінің собықтары мен сабағын жеке-жеке жыйнау, сол сыяқты барлық дақылдарды дер мезгілімен жыйнап алу қамтамасыз етілсін, сүрлеу үшін табиғи өскен шөптер, сондай-ақ қант қызылшасы мен малазығындық қызылшаның бақшалық және өмпе дақылдарының жапырағы кеңінен пайдаланылсын.

Барлық колхоздар мен совхоздарда жемшөп сүрлеу басталғанға дейін сүрлейтін орындарды жөндеу және жаңадан салуды аяқтау қамтамасыз етілсін, мұның өзінде жемшөп сүрлеу жөнінде белгіленген жоспарды орындау үшін қажетті мөлшерде сыланған трансейлар, орлар және сүрлеу мұнараларын салуға ерекше назар аударылсын;

Жемшөп сүрлейтін орындарды салу және жөндеу жұмысына МТС-тердегі, совхоздардағы, сонымен қатар өнеркәсіп, құрылыс орындарындағы және басқа ұйымдардағы жер қазатын машиналар, жай құралдар мен басқа да құралдар пайдаланылсын, бірақ бұларды пайдалану жоғары да аталған ұйымдардың негізгі программасын орындауына нұқсан келтірмейтін болсын;

МТС-терде, колхоздарда және совхоздардағы сүрлем турағыш машиналардың бәрі барынша толық пайдаланылсын, МТС және совхоздарда жемшөп сүрлейтін комбайндарды және тракторға тіркелетін сүрлем турағыш машиналарды жылжыту графигі әрбір колхоз бен совхозда жемшөп сүрлеуді дер кезінде қамтамасыз ету еске алынып жасалынсын. Жемшөп сүрлейтін комбайндар және сүрлем турағыш машиналарды жеткіліксіз МТС-тер мен совхоздарда астық комбайндары қажетті мөлшерде сүрленетін дақылдарды жыйнау және ұсақтау үшін бөлініп, жабдықталынсын.

Республиканың қалалық және селолық құрылыс министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Совхоздар министрлігі бес күн мерзім ішінде жемшөп сүрлейтін орындардың бір үлгідегі жобасын жасауға, ал Мәдениет министрлігі бұл жобаны колхоздар мен совхоздарға сату үшін көп тиражды етіп басып шығаруға міндетті.

Қазақстан тұтынушылар одағына жемшөп сүрлейтін орындар салу үшін қажетті болған цементті және басқа материалдарды, сол сыяқты машина майын, қайрақты, арбаларды, айырды және жемшөп дайындау үшін басқа да өндірістік товарларды дер кезінде жеткізіп, колхоздарға сатуды қамтамасыз ету ташсырылды.

Жемшөпті мерзімінде дайындаудың табысты болуы еңбекті дұрыс ұйымдастыруға, колхозшылар мен совхоз жұмысшы-

ке деінін аванс берілетін болсын. Колхозшыларға және трактор бригадаларының қызметкерлеріне олардың істеген жұмысы үшін берілген жемшөпті тасып алуларына транспорт бөлім көмек көрсетілсін;

Барлық колхозшылардың жемшөп дайындау жұмысында қатысуын қамтамасыз ету мақсатымен әрбір колхозда маусым бойынша жұмыс істейтін балалар яслилері мен балалар алаңдары ұйымдастырылсын, бұлар үшін жақсы үйлер бөлініп, азық-түлік жабдықтар берілетін болсын.

Қазақстан тұтынушылар одағы жемшөп дайындайтын трактор және дала бригадаларында, әсіресе қысқы жайылым учасқотерінде жұмыс істейтін жемшөп дайындайтын бригадаларда азық-түлік және өнеркәсіп товарларының көпшелі саудасын үздіксіз жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Облыстық және аудандық партия комитеттеріне, РКЖО Орталық Комитетіне, Қазақстан кәсіпшілік одақтарының советіне жемшөп дайындау мен жемшөп сүрлеу жұмысын уақытында өткізудің СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде алға қойған міндеттерді жүзеге асыру ісінде маңыздылығын колхозшыларға, МТС және совхоз жұмысшыларына кең түсіндіру, әрбір колхоз бен совхозда жемшөп жыйнау жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты өрістету ташсырылды. Барлық жемшөп бригадаларында мәдени-бұқаралық және тәрбие жұмысын—дауыстап газет оқу, саяси информация жасау, озаттардың тәжірибесін тарату, кинокартиналарды, көркемөнерпаздар коллективтерінің ойынын көрсету жұмысы күнбе-күн жүргізіліп отырылатын болсын.

Республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакторларына, радио хабарын тарату орындарына баспасөз бетінде және радио арқылы жемшөп жыйнау және жемшөп сүрлеудің барысын үнемі жазып, озаттардың тәжірибесін таратып отыру, жемшөп дайындаудағы кемшіліктерді сынап отыру ташсырылды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Республика министрлер Советі Ауыл шаруашылығы министрлігін, Совхоздар министрлігін, облыстық және аудандық партия комитеттерінің секретарьларын, облыстық және аудандық атқару комитетінің председателдерін жемшөп дайындау ісіне басшылық дәрежесін батыл арттыруға жұмыстың барысына күнбе-күн бақылау жасауға, сөйтіп, әрбір колхоз бен совхозда жемшөп дайындау жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеді.



# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Қорытынды сабақта

Біз «Главмука» завод басқармасының үйінде, қызыл мүйісте отырмыз. Әр аптаның бейсенбі күндері осында «Главмука» коммунистерінің саяси сабағы өтіп отырады. Бүгін мұнда қорытынды сабақ.

Қызыл мүйістің кең бөлмесі мерекедегідей-ақ безенуді. Ортада қызыл матамен жабылған ұзыннан-ұзақ стол. Оны айнала тыңдаушылар отыр. Олардың көбінің жұмыс күнін енді ғана аяқтап келіп тұрған беті екені көрініс-ақ тұр. Алайда олардың жүзінде шаршағандықтың белгісі білінбейді, бейнебір демалыс сағатында отырғандай-ақ жайдары. . .

Столдың бір шетінен орын алған насихатшы Ломакин жолдас СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірмеде (негізгі тиісті) оқу жылына арналған программаның аяқталғандығын хабарлап, кезіргі және келесіде өтетін қорытынды сабақтарда қандай мәселелерді қамту керектігі туралы тыңдаушылардың пікірін сұрады.

—Біз соңғы алты сабақта январь Пленумы қаулысының және ОСРО Жоғарғы Советі екінші сессиясының материалдарын оқып-үйрендік. Мұншалықты зор программалық материалдарды 6 сабақта меңгеру қою кейбір жолдастарға қиын да. Жекелеген мәселелердің күнгірт қалуы да мүмкін. Сондықтан мен Пленум мен сессия материалдарын қорытынды сабақтардың тақырыбы етіп ұсынамын.—деді коммунист Филишов жолдас.

Басқа тыңдаушылар да бұл ұсынысты қостады. Сонымен қорытынды сабақ басталды.

Коммунист Рябовонь жолдас январь Пленумында мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы мәселе қойылуының негізгі себебіне, бұл қаулының маңызына тоқталды.

Бұдан кейін тыңдаушылар: Филишов, Иванов, Лебедев, Мирошин жолдастар ауыр индустрияның бүкіл халық шаруашылығын өркендетудегі маңызын айтты.

Сабақтың бүкіл барысы тыңдаушылардың зор ынталылығын, белсенділіктері көрсетті. Үйірмеде 17 коммунист бар. Олардың басым көпшілігі қорытынды сабақта сөйлеп, Пленум материалдарын жақсы меңгергендіктерін байқатты. Бұл, өз жөк, насихатшы Ломакин жолдас жүргізілген тығнақты жұмыстың жемісі.

Біз әсіресе насихатшының сабақ өткізу әдісіне риза болдық. Қорытынды сабақтың мақсаты—тыңдаушылардан емтихан алу емес, қайта олардың жыл бойы алған білімдерін оған әрі бекіте түсу, кейбір күнгірт қалған мәселелерді анықтау. Насихатшы Ломакин жолдас қорытынды сабақтың осы негізгі мақсатын дұрыс түсініп, оны жаңа деңгейге түрінде шебер өткізе білді. Ол өзі аз сөйлеп, көбіне тыңдаушылардың кеңірек пікір айтуына өрік

тандырылған тәртібі өзін түгелдей ақтамағанын, өйткені бұл тәртіп бойынша жергілікті шаруашылықтардың инициативасы түшынқтырылып, жергілікті әзерлердің өзіндік ерекшеліктері ескерілмей келгендігін, ендігі жерде жоспарлау жұмысы тікелей колхоздардың, совхоздардың өзінде басталатынын айтып, осы пікірді төңіректестірумен ғана болды. Дәл осы арада Ломакин жолдас:


—Сіздің ішкіңіз әбден орынды, басқалар да бұған қосылар деп ойлаймын, солай ғой, жолдастар, деп—жұрттың назарын түгелдей өзіне аударып алды да, —бірақ сіз, Корольков жолдас, мынаны айтыңызшы: колхоздар мен совхоздар өз жоспарларын өздері жасайды екен, бұл дұрыс дедік, сонда орталық жоспарлаушы органдар не істейді?—деді.

Бұған Корольков жолдас ештеңе дей алмады, Мальцев, Мезенцев жолдастар да жауап бермек болып еді, бірақ олар да мәселенің негізгі түйінін шешерлік болмады. Олар өзара қызу айтысқа да түсті. Ақыры, айтыс бүкіл аудиторияны қамтыды. Бірақ бәрібір ештеңе де тығнақты пікірге келмеді. Мұндай жағдай да шешуші пікір, шешуші сөз насихатшыдан болады. Ломакин жолдас тыңдаушылардың талас пікірлеріне толық талдау жасап, жоспарлау ісінің бізде біртұтас система екендігін, мұнда мемлекет тарапынан әрдайым басшылық жасалып отыратынын түсіндіріп берді.

Сабақта партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының ауылшаруашылық өндірісіне басшылығы туралы, колхоздарды басшы кадрлармен, мамандармен қамтамасыз ету туралы мәселе де жақсы талқыланды. Мұнда жергілікті партия ұйымының өмірінен нақтылы, жанды мысалдар келтірілді. Тыңдаушылар бастауыш партия ұйымының секретары Молчанов жолдасты сынга алды.

—Өткен жылы біздің коллектив Петропавл ауданындағы Калинин атындағы колхозды өзінің қамқорлығына алған еді. Алайда біздің іс жүзіндегі қамқорлығымыз мүлде аз болып келеді. Жуырда болған жиыныста бұл колхозға жүгері егуге көмектесу үшін 20 адам жіберу ұйғарылған болатын. Бірақ осы игілікті іс Молчанов жолдастың сыбырлығынан баратын адамдардың тізімін жасаудан әрі аспай келеді.—деді тыңдаушы Филишов жолдас.

Сабақта кейбір кемшіліктер де байқалды. Мәселен, тыңдаушылар өткен жылы облысымызда Мальцев әдісі бойынша топырақ өңдеу жұмысы жүргізілгендігін білмеді. Насихатшы Ломакин жолдас негізгі мәселелерді даралай білгенімен, олардың арасындағы тығыз байланысты ашып көрсетіп отырмады. Мәселен, ауыр индустрияны барынша өркен-



Қазақстанда Қытай—Совет Одағына темір жол магистралінің құрылысына әзірлік жұмыстары жүргізілуде. Бұл жол Совет Одағын Қытаймен Жоңғар қақпасы ауданында қосады. Көзір болашақ жолдың ауланында ең жаңа жабдықтармен жабдықталған «Сибгипротранстың» комплексті зерттеу экспедициясы жұмыс істеуде.

СУРЕТТЕ: № 9 комплексті зерттеу партиясының зерттеушілері Тентек өзенінен өтетін жолдың болашақ көпірін салу үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

(ҚАЗТАГ-тің фотохроникасы).

## Жемшөп сүрлейтін траншеялар салудағы жаңалық

Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында жүгері өндіруді мықтап арттыруға байланысты жүгері сүрлейтін траншеялар салу кеңінен өрістеуде. Республикамыздың топырағы көбіне сары сазды болып келетін оңтүстік және оңтүстік шығыс бөлегінде траншеялар салуда бірсыпыра қиыншылықтар кездеседі: сазды топырақ тез ериді, траншеялардың қабырғалары тез опырылады. Сүрленген жемшөптің төменгі қабатындағы неғұрлым бағалы сұйықтық бөлегі жерге сіңіп кетеді. Сөйтіп сүрленген жемшөптің сапалылығы 30 процент кемиді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары институтының ұстазырыпш материалдар мен бетон лабораториясы саздақты сары топырақ жерлерде салынатын жемшөп сүрлейтін траншеялардың қабырғалары мен табанын берік етіп жасаудың тиімді арзан және оңай әдісін ұсынды. Бұл үшін битумизовесть ертіңдісі жасалады, ол саздақ топыраққа, топанға немесе ұсатылған сабанға араластырылады. Бұдан

алынған саз балшықпен траншеяның қабырғалары мен табанына салынады, салынбас бұрын жерге бір-бірінен 25 сантиметр қашық етіп шаршылап ағаш қазықшалар қағылады. Балшықты 6-8 сантиметр қалың етіп сылау керек. Ол кепкеннен кейін траншеяның қабырғасын және табанын сол балшықпен тағы бір рет шарша сылап өту керек.

Саздақ сары топырақты жерде мұндай алғашқы траншея өткен жылғы күзде Алматы маңындағы № 1 көмекші шаруашылықта салынды. Оның сыйымдылығы 160 тонна. Мұнда жүгерінің көпшісі және басқа әртүрлі шөп сүрленді. Апрельде траншея ашылды. Сүрленген жемшөп түгелдей жоғары сапалы болып шықты. Ысырап мүлде болған жоқ.

Былғыл көмекші шаруашылықта барлық 6 траншеялардың қабырғалары мен табандарын галымдар ұсынған оқшауларын материалмен өңдеу ұйғарылды. Институттың ұсыныстары республикамыздың ауыл шаруашылық министрігіне тапсырылды.

(ҚАЗТАГ).

## Ауыл шаруашылығына арналған жүнтер

Түркістан-Сибирь темір жолының коллективі жаңа жерлер игеріліп жатқан аудандарға арналған жүнтерді неғұрлым тез жөнелту және тасу үшін жарысуда. Рубцовка станциясының коллективі

найқин жолдастың бригадасымен бірге ол салмағы нормадағыдан екі есе ауыр поезд жүргізді. Механик Суханов жолдас техника және басқа жүк тиеген қос эшелонды Рубцовкадан Семейге бір паровоз-

## Қаражатты жұмсауға бақылау күшейтілсін

Партияның XIX съезі шаруашылық ұйымдардың, басшыларынан қаржы жұмсауда үнемдеу тәртібін қатаң сақтауды, өндірістегі материалдық, еңбек және ақша ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануды, шаруашылық өсеті жүзеге асырып отыруды талап етті. Ал Мемлекеттік банкке шаруашылық жоспарлардың орындалуын және үнемдеу тәртібінің қатаң сақталуын ақша арқылы бақылап отыруды жүктеді.

Кредиттеу және есеп айырысу әдістерін оған әрі жетілдіре беру туралы 1954 жылы 21 августа партия мен үкмет қабылдаған қарарлар ақша арқылы банктік бақылауды шаруашылық өсеті оған әрі нығайта берудің күнбе-күн өміш отырған талаптары дәрежесіне дейін көтереді және Мемлекеттік банк алдына социалистік экономикамыздың кезіргі даму сатысында қойылып отырған аса маңызды міндеттерді орындауға жұмылдырады.

Осыған сәйкес Мемлекеттік банктің жұмысты нашар істейтін кәсіпорындарға көзқарасы өзгерді, сонымен бірге жұмысты жақсы істейтін кәсіпорындарға кредиттеу өзінде едәуір қолайлы мүмкіндіктер жасалатын болды. Кредиттеу жүйесіндегі өзгерістер кәсіпорын басшыларының өздерінің шаруашылық қызметтерінің финанстық нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады және шаруашылық өсетінің оған әрі нығай беруіне көмектеседі.

Атап айту керек, облысымыздағы кейбір кәсіпорындардың басшылары өздерінің шаруашылықты өсеті арқылы және үнемдеп жүргізуге деген жауапкершіліктерін сөзінбей, мемлекеттік қаражатты жұмсауда үнемсіздік жасап, өздерінің ішкі резервтерін толық пайдаланбай отыр.

Шаруашылықты өшір ессіз және үнемсіз жүргізудің мысалы ретінде «Главвторсырьье» облысаралық конторасын алуға болады. Бұл контораның басшысы болып бірнеше жылдан бері Перминов жолдас істеді. Өткен жылы бұл шаруашылық ұйымы автомобиль және жұмыс көлігі транспорттың дұрыс пайдаланбаудың салдарынан дайындау жоспарларын орындай алмады. Басшылықтың нашарлығынан және транспорт құралдарының жоқтығынан өткен жылы көліктің қарап тұруы 9384 ат-күн болды. Сондай-ақ автотранспорт та толық пайдаланылмады.

Өз транспорттың толық пайдалануға шаралар қолдану орнына, облысаралық контораның басшылары бұл мәселені жалдамалы транспорт арқылы шешуге жіретті. Мұның өзі жұмыс көлігі транспорты жөнінен 106 мың сом, ал автотранспорт жөнінен 99 мың сом қаржыны артық жұмсауға өкеліп соқты. Осындай және басқа да дәрменсіздіктің, шаруашылыққа басшылық жасаудағы олқылықтың салдарынан «Главвторсырьье» облысаралық кон-

торасы 1954 жылды жоспардағы 68 мың сом пайда табумен аяқтау орнына, 655,6 мың сом зиян көрумен аяқтады.

Бұл контораның басшылары өзгергенмен (кәзіргі басшысы Вишняков жолдас), оның шаруашылық-финанс қызметіндегі кемшіліктері үстіндегі жылы да жойылып болған жоқ. Үстіндегі жылдың бірінші тоқсанында контора дайындау жоспарын небары 89,3 процент қана орындады. Транспортты пайдалануда өткен жылы орын алған кемшіліктер былғыл тағы да қайталануда.

Істің жайы кіршіл заводында да мөз емес. Өткен жылы бұл завод өндірістік жоспарын орындай алмады, жалпы өнім 867 мың сомға кем берді. Мұның ішінде тек еңбек өнімділігінің төмен болуы салдарынан ғана 419 мың сомның өңімі кем ендірілді.

Материалдық және ақша ресурстарын жұмсауда үнемдеу тәртібінің жоқтығы салдарынан өткен жылы кәсіпшілік кооперациялары жүйесіндегі бірқатар кәсіпорындар өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы орындай алмады. Мәселен, 26 артельдің 12-сі өзіндік құнды кеміту жөніндегі тапсырманы орындамады. Мұның салдарынан 464 мың сомның өңімі кем алынды. Тек жалпы өндірістік шығындар бойынша қаражат жұмсауды үнемдеуге бақылаудың болмауынан ғана 420 мың сом қаржы артық жұмсалды. 11 артель қор жыйнау жоспарын 595 мың сомға орындамады.

Қаражат жұмсауда артық шығындар жол беру облыс совхоздарында да орын алып отыр. Мәселен, өткен жылы облыс совхоздары 28 миллион 967 мың сом пайда табу орнына 7 миллион 171 мың сомдай ғана қор жыйлады. 11 совхоз пайда тәпшақ түгіл 8060,3 мың сомға зиян көріп шықты. Совхоздардың көпшілігінде айналмалы қаражаттарды пайдалануда төртінсіздіктерге жол беріліп жүр.

Мұндай фактілердің болуы кейбір шаруашылық ұйымдарының мемлекеттік қаржыны үнемдеп жұмсауға, кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық-финанс қызметін жақсартуға, шаруашылыққа нашар басшылыққа қарсы күресуге мен бермей отырғандықтарын көрсетеді. Өнімнің өзіндік құнын кеміту және қор жыйнау жоспарларын орындамайтын, мемлекет қаржысын үнемсіз, бейберекет жұмсайтын кәсіпорындарға, шаруашылық ұйымдарға облыстың мемлекеттік банк мәселелері кредиттеудің және есеп айырысудың жаңа тәртібін қатаң қолданып, шаруашылық салаларына ақша арқылы бақылау жасауды барынша күшейтулері керек.

Е. ПРИМЕНКО,  
Мемлекеттік банктің облыстық



ны жақсы меңгеру білетіні де көрінді. Мәселен, егер тыңдаушы белгілі бір жайды баяндау үстінде негізгі мәселеге соқпай, басқа бір мәселеге ауып бара жатса, қолма-қол түзету енгізіп, тыңдаушының назарын негізгі мәселеге аударады, баяндалып тұрған мәселеге байланысты орынды сұрақ та беріп қояды.

Насихатшының сабақ өткізу шеберлігі, әсіресе қорытынды сабақтың екінші жартысында өте-өте айқын көрінді. Жоспарлау практикасында болып келген қателіктер туралы сөз болғанда, тыңдаушылар арасында пікір таласы да туып қалды. Тыңдаушы Корольков жолдас ауыл шаруашылығын жоспарлаудың орталық-

дету қажеттігі туралы сөз болғанда, үйірмеде жыл бойы партия тарихы бойынша өтілген материалдарды есепте отырып, біздің Коммунистік партиямыздың ауыр өнеркәсіпті өркендету ісіне совет өкіметі өмір сүрген алғашқы жылдардан бастап-ақ зор көңіл бөлгендігін, елді индустриаландыру саясатының жүзеге асырылғандығын байланыстыра кету қажет еді.

Дегенмен ол кемшіліктер идеялық тәрежесі жоғары, тыңдаушылардың зор ынталылығы мен белсенділігі, насихатшының шеберлігі жағдайында өткен бұл сабаққа нұқсан келтіре алмайды.

**Д. ӘУЕЛБЕНОВ,  
А. БӘДЕЛХАНОВ.**

Фрунзе, ауылшаруашылық машиналарын және олардың запас бөлшектерін жөнелтуде. Станцияның қызметкерлері трактор заводның және «Алтайсельмаш» заводның диспетчерлерімен тығыз байланыс жасауда. Поезд құрастырушылар эшелондардың көпшілігін нормада белгіленгендегіден анағұрлым жылдам құрастыруда. Платформаларға ауыл шаруашылығының машиналарын тығыз тиеу әдісі қолданылады.

Поездардың салмағын ауырлату жүк тасуды шапшаңдатудың маңызды резерві болып табылады. Паровоздардың қуатын мейлінше жақсы пайдалану жолындағы күресте комсомол-жастар паровоз колоннасының машинист нұсқаушысы Пвлев жолдас үздік еңбек етті. Машинист Чер-

бен жеткізді. Поезд Семенге графикте белгіленгендегіден біржарым сағаттай уақыт бұрын келді. Техникалық жылдамдық нормасы бұл сапарда екі километр арттырылды.

Рубцовка депоның машинистері жыл басынан бері ауыр салмақты поездармен салмақ нормасынан тыс жеті жүз мың тонна жүк тасыды. Мұның өзі бүкіл 1953 жылы тасылғандағыдан 150 мың тонна артық.

Фрунзе атындағы ауылшаруашылық машиналар жасау зауытының жөнелтуде арналған өнімі жеткізілетін Шіпшек станциясының теміржолшылары МТС-тер мен совхоздарға арналған жүк жөнелтуді тездетуде.

(ҚазТАГ).

## Өндіріс технологиясын жақсарту

Петропавл ватон-жөндеу депосының коллективі апрель айының екінші жартысында Львов вагон-жөндеу депосы коллективінің озат әдістерін өз жұмыстарына қолдана бастады.

Жаңа өндіріс технологиясының өзгешелігі сол—бұрын вагондарды жылдық жөндеуден өткізетін цехта ондаған бригадалар ұйымдастырылатын, онда көптеген ағаш шеберлері, жөнұшылар, слесарьлар, котельшілер тағы басқа да мамандар істейтін-ді. Көзір небары мұнда екі коллективті бригада ұйымдастырылды. Оларда вагондарды жылдық жөндеуден өткізуге қатысатын барлық мамандар қамтылды.

Деподағы бригадаларды біріктіру, жұмысты бірқалыпты істеуге қолайлы жағдай жасап, еңбек өнімділігін күрт арттыруға мүмкіндік туғызды. Бұл жаңа әдісті қолдану, апрель айының екінші жартысында ғана басталғанымен ол айлық өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын және артығымен орындауға жағдай жасады. Еңбекті дұрыс ұйымдастырудан, жұмысты қатаң график бойынша бірқалыпты шығарып отырудан түскен пайда бірінші тоқсанда 80 мың сом еді, ал тек апрель айының өзінде ғана 100 мың сомнан артып түсті.

**Р. БАЙЖҰМАНОВ.**

## Еңбек өнімділігінің артуы—социализмнен коммунизмге өтудің қажетті шарты

Еңбек өнімділігінің мүлтіксіз артуы социализмнен коммунизмге қарай өтудің қажетті шарты болып табылады. «Ұлы бастама» атты еңбегінде В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Еңбек өнімділігі—салып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты нәрсе» (Шығармалар, қазақ тілінде, 29-том, 423-бет).

Нақ осы себепті социализм шаруашылықтың капиталистік системасын жеңіп шығуға тиіс, өйткені ол, капитализмнен гөрі, еңбектің анағұрлым жоғары үлгілерін, анағұрлым жоғары еңбек өнімділігін тудыра алады. Социализм, өзінен бұрынғы өндірістік тәсілдердің бәрімен салыстырғанда, қоғамға өнімді анағұрлым көп бере алады және қоғамды анағұрлым байыта алады.

Еңбек өнімділігі уақыт единицасына шаққанда жұмысты өндірген өнімнің мөлшерімен, немесе өнім единицасына жұмсалған жұмыс уақытының мөлшерімен өлшенеді. Еңбектің өндірістік күшінің артуы дегенде, біз еңбек процесіндегі қандайда болса өзгерісті, жұмыс уақытын қысқартатын өзгерісті, өнім единицасын өндіру үшін қоғамдық қажетті өзгерісті түсінеміз. Еңбек өнімділігінің артуы дегеніміз—жұмыс уақытының единицасы ішінде өнім шығарудың ұлғаюы деген сөз.

Социализм тұсында еңбек өнімділігінің мүлтіксіз артуының экономикалық заңы өмір сүріп, өз ықпалын жасап отырады. Шаруашылықтың социалистік системасы еңбек өнімділігінің артуына қажет шексіз мүмкіншіліктер тудырып берді, өйткені ССРО-дағы қоғамдық еңбек, біріншіден, қанаудан азат етілген қызметкерлердің жолдасдық озара ынтымағына, екіншіден, қызметкерлердің өз еңбегінің нәтижелеріне деген материалдық ынталылығына, үшіншіден, ғылым мен техниканың ең озат жетістіктеріне негізделген. Бұл мүмкіндіктердің шындыққа айналғаны үшін ед-

алдымен еңбекті қаруландырудың, оны механикаландырудың артуы шарт.

Коммунистік партия мұндай жағдайлардың жасалуын елді индустриаландыру процесінде, ауыр индустрияны жедел қарқынмен өркендеті отырып, қамтамасыз етті. 1924-1925 жылдары ССРО-да бүкіл өнеркәсіп өнімінің ішінде өндіріс құралдарының үлесі 34 процент, екінші бесжылдықтың аяқталуы қарсаңында—58 процент, ал 1953 жылы—70 процент болды.

Ауыр өнеркәсіп арқанын да біздің халық шаруашылығымызды онан әрі өрге бастырудың негізі болып келді және солай болып қала береді де. Тек ауыр өнеркәсіптің және елді электрлендірудің өркендеуі жетіңінде ғана халық шаруашылығының барлық салаларына да нағыз жаңа техниканы кеңінен енгізулі, еңбек өнімділігін ұдайы арттырып отыруды қамтамасыз етуге болады. Тек жоғары өркендеген ауыр индустрия негізінде ғана жеңіл және тамақ өнеркәсіпін, сондай-ақ өнеркәсіптің басқа да салаларын онан әрі өркендетуді, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыруды қамтамасыз етуге болады.

Біздің елімізде еңбек өнімділігі күшті қарқынмен өсіп келеді. Бірінші бесжылдық жылдарында ССРО өнеркәсібінде еңбек өнімділігі 41 процент, ал екінші бесжылдық жылдарында—82 процент артты. Бірінші бесжылдықта еңбек өнімділігінің орта есеппен алғандағы жылдық өсімі 9 процент, ал екінші бесжылдықта—12,7 процент болды. Еңбек өнімділігінің артуындағы мұндай қарқын капиталистік өнеркәсіпте жоқ. Англия мен Францияда, мәселен, еңбек өнімділігінің орта есеппен алғандағы жылдық өсімі 4-5 проценттен артпайды.

Ауыл шаруашылығының коллективтендірілуі және колхоздағы еңбекті техникамен қаруландырудың артуы ауыл шаруашылығында да еңбек өнімділігін едәуір

арттыруға мүмкіндік берді. 1922-25 жылдары жеке шаруалардың шаруашылықтарында астықтың бір центнерін өндіруге 3,2 адам-күн жұмсалса, 1933 жылы бұған колхоздарда 1,7 адам-күн және 1937 жылы 1 адам-күн жұмсалды.

Бірінші бесжылдық жылдарында еңбек өнімділігі артуының тек бір проценті ғана өнеркәсіп өнімінің 190 миллион сомға көбеюіне, ал үшінші бесжылдық жылдарында—940 миллион сомға көбеюіне мүмкіндік берді. Төртінші бесжылдық жылдарында бұл процент бір миллиард 385 миллион сом мөлшерінде бейнеленді. Еңбек өнімділігі өсімінің әрбір процентінің абсолюттік мөлшері көзіргі кезде де барған сайын арта түсуде.

Бұдан шығатын қорытынды сол, социализм тұсында еңбек өнімділігінің артуы қоғамдық байлықты көбейтеді және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатының жақсаруына әсер етеді. Еңбек өнімділігінің артуы—өзіндік құнды кемітудің және қор жыйнаудың аса маңызды факторы.

Алайда, айта кету керек, біз үшін осыншалықты маңызды істе елеулі кемшіліктер де бар. Еңбек өнімділігінің артуы бесжылдық жоспардың тапсырмаларынан кейін қалып келеді. Ал еңбекақының ақылғат дәрежесінің артуы жөніндегі жоспардың тапсырмасы көзірдің өзінде асыра орындалды. Істің жайы бұлай болмай, еңбек өнімділігінің артуы еңбекақының артуынан үнемі озық болуға тиіс еді.

Шаруашылықтың социалистік системасының ерекшеліктеріне байланысты, біздің еліміздің бүкіл қоғамдық еңбектің өнімділігін мүлтіксіз арттыра беру үшін шексіз мүмкіндіктері бар. Жұртқа мәлім, капитализм тұсында жоғары еңбек өнімділігіне ең алдымен еңбектің жұмысшының тәйбейіне жететін шектен тыс интенсивтендірілуі есебінен қол жетеді. Салыстырмалы қосымша күн формасында жұмысшыларды қанау да күшейе түседі.

Социализм тұсында еңбек өнімділігін арттырудың қайнар көздері мен жолдары капитализмдегіден мүлде өзгеше. ССРО-да еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды қайнар көзі техниканың өркендеуі болып табылады. Бізде бұл бағытта көп нәрсе істелді де. Төртінші бесжылдықтың аяқталуы қарсаңында ССРО-да станок паркы 1940 жылғымен салыстырғанда екі еседен де артық ұлғайды. Атап өтетін маңызды бір жай сол, машина жасау өнеркәсібінің барлық салалары да шығарылатын өнімнің номенклатурасын негізінен жаңартты. Көзіргі кезде өнеркәсіпте, құрылыста және колхоздар мен совхоздардағы негізгі дала жұмыстарында ауыр жұмыстарды механикаландыру негізінен аяқталып келеді.

Комплекстік механикаландыру өндірісті тікелей автоматтандыруға жағдай тудырады. Өндіріс автоматтандырылған болса, қызметкер машиналар системасын реттеушіге айналады, ол бұл системаның қызметін тек бақылаушы ғана болады. Бұл жөнінде автомобиль поршеньдерін шығаратын Ульянов автомат заводу жақсы мысал бола алады. Бұл заводты небары 7 маман реттеуші және 3 оператор ғана қамтыды. Мұнда бәрін де: металл құюдан бастап, дайын бұйымдарды бұйытқуға дейін—машиналар істейді. Осының бәріннің тиімділігі мынада: жұмыс істеушілердің жалпы саны 4,2 есе, реттеушілер мен операторлардың саны 5,3 есе, өндіріс циклінің ұзақтығы екі есе қысқарады.

Техниканы ұдайы жетілдіре беру саласында біздің табыстарымыз дау туғызбайды. Дүние жүзінде ең туңғыш рет атом қуатымен жұмыс істейтін электр станциясын жұмысқа қосып, біздің еліміз атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөнінде нақтылы қадам жасады. Бұл оқығанда адамзат тарихына бір кездерде өндірістегі төңкеріс деген атпен өнетін болады.

Техникалық прогресс саласындағы біздің табыстарымыз қанша зор болғанымен, халық шаруашылығының бірқатар салаларында бұл істе де елеулі кемшіліктер бар. Жекелеген кәсіпорындар жоғары өнімді машиналар мен өндіріс әдістерін меңгеру

және өндіріске кеңінен енгізу жөнінен артта қалып келеді, қолда бар техниканы нашар пайдаланады. Мұның өзін біздің облысымыздың өнеркәсіп орындарының жұмысынан алынған мысалдармен де дәлелдеуге болады. Петропавл станциясының паровоз депоһы 1954 жылғы механикалық жабдықтарды небары 76,1 процент қана пайдаланды.

Социализм тұсында еңбек өнімділігінің артуы үшін қызметкерлердің мәдени-техникалық дәрежесі артуының, еңбекшілердің тәртібі жақсаруының, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен колхоздарда еңбекті дұрыс ұйымдастырудың аса зор маңызы бар. Сонымен бірге еңбекшілердің материалдық әл-ауқатының үздіксіз артуы да еңбек өнімділігі артуының қуатты факторы болып табылады.

ССРО-да 1946 жылдан бастап, 1952 жылға дейінгі кезеңнің ішінде еңбек резервтері системасы арқылы, сондай-ақ жеке-бригадалық және курстық оқыту жолымен және өндірістен қол үзбей мамандық арттыру арқылы 50 миллионға жуық жұмысшы даярланды. Еңбектің озат әдістерін үйрену және қорыту барған сайын бұқаралық сыйпат алып келеді. Өнертапқыштар мен жаңалық ұсыныс енгізушілердің саны артауда. Жаңашылардың саны барған сайын көбеюде. Миллиондаған жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер күннен күнге өнім шығаруды арттырып, өндірістік тапсырмаларын асыра орындап жүр. Алайда өнеркәсіп кәсіпорындарының кейбір коллективтерінде еңбекке және еңбек тәртібіне, өзінің ел алдындағы борышын орындауға жауапсыз қарайтын адамдардың өлі де бар екендігін айтау дұрыс болмас еді. Бізде қыдырғышпаздар мен ақауды көп жіберушілер өлі де бар. Петропавл нан комбинатында, мәселен, небары 186 ғана жұмысшы мен қызметші бар, ал 1954 жылы мұнда 127 прогудға жол берілді.

ССРО-да бұқараның творчестволық белсенділігі мен социалистік жарысы өндірісті үздіксіз арттыруға және жетілдіре беруге, еңбек өнімділігін арттыра беруге бағытталған. Социалистік жарыс дегеніміз—

еңбекшілердің барышына көп белсенділігі негізінде еңбек өнімділігін арттырудың және өндірісті жетілдірудің әдісі. Бізде социалистік жарыстың жан-жақты, күннен-күнге жаңа, барған сайын жетілген формалары, жұмыстың неғұрлым прогресшіл әдістері пайда болуда. Жанды және қоғамдастырылған еңбек жолындағы күрес арқанын да еңбекшілер қабылдайтын социалистік міндеттемелердің негізі болып келеді.

Социалистік жарыс озат тәжірибені тез және кеңінен таратуды көздейді. Көптеген жақсы мысалдармен бірге, амап не, бұл аса маңызды іске дұрыс көзқарастың болмауы сыяқты фактілер де кездеседі. Мәселен, Петропавл станциясының паровоз депоһында комсомолец Ступин басқарған комплекстік бригаданың паровоздарды тездетіп жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі тамаша бастамасы өндіріске нашар енгізіліп келеді. Мұндай фактілер біреп-саран емес.

Озат тәжірибені тарату, еңбекшілер көпшілігінің жұмыстың жаңа нормалары мен әдістерін меңгеруі еңбек өнімділігінің анағұрлым жоғары жаңа дәрежесіне жетуді қамтамасыз етеді.

Жақында Москвада өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі болып өтті. Онда өндіріске ғылым мен техниканың және озат тәжірибенің жетістіктерін кеңінен енгізу негізінде өнеркәсіпті онан әрі өркендету шаралары туралы мәселе талқыланды. Кеңес өнеркәсіпті өрге бастыру жөнінде, еңбек өнімділігін шұғыл арттыру жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

Еңбек өнімділігінің артуы ССРО халық шаруашылығының барлық салаларында да бесінші бесжылдық жоспардың ақырғы жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін, партияның ауыр өнеркәсіптің барлық салаларын өркендету, ауылшаруашылық өндірісін ұлғайту жөніндегі тапсырмаларын орындап шығу үшін, коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай шешу үшін аса зор маңызы бар.

**С. КРИВОШЕЕВ.**

Облыстық партия комитетінің лекторы.



# Көктемгі егіс тез және сапалы аяқталсын

## Жүгері себуді аяқтады

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының механизаторлары жүгері егуді агротехникалық қолайлы мерзімде бастап, ұйымшылдықпен жүргізді. Жүгеріні шаршы-ұялап отырғызатын машиналардың таң атқаннан күн батқанға дейін тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Тұқым себетін агрегаттар күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындады. Агрономдар үшөмі жұмыстың басы-қасына болып, ұялардың ара қашықтықтарының бірелкі болуын, шаршылардың дұрыс орналастырылуын қадағалап отырды. Сондай-ақ олар тұқымның әрбір гектарға норма бойынша жұмсалуды, қажетті тереңдікке еңірілуін ұйымдастырды.

Жүгері себудегі жұмысшылардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде совхозда бұл дақылды егу жөніндегі жоспар 106 процент болып, артығымен орындалды.

Жүгеріні шаршы-ұялап егуді Приешім совхозының егіншілері де қызу қарқында жүргізді. Сөйтін аз күн ішінде 410 гектар жүгері егіп, бұл жөніндегі жоспарды толық орындап шықты. Жүгері дақыл топтарына құнарлы, жазғы өңделген парға шаршы-ұялы әдіс бойынша егілді. Тұқым себу алдында гранозанмен дәріленіп, күнге қыздырылды. Совхоз коллективі топтыраққа тыңайтқыштар еңгізуді де агротехникалық талаптарға сай жүргізді.

Безір бұл совхоздардың коллективтері картоп пен овощ дақылдарын егуді тез аяқтау мақсатымен барлық күнті осы жұмыстарға жұмылдыруда. Сонымен қатар жүгері егісінің қатаралықтарын баптауды ойдағыдай жүргізудің шараларын жүзеге асыруда.

## Озат бригада

Приешім МТС-нің № 6 бригадасы көктемгі егіс кездерінде машина қуатын мейлінше тиімді пайдалануда. Бұл іске бригадада жұмыс істеп жүрген Калинин атындағы колхоздың мүшелері де үлкен көмек жасауда.

Бригада мүшелері соңғы төрт жұмыс күні ішінде ғана 680 гектар жерді өкі ізде тырмалады, 1596 гектар зябті сыдыра жыртып, алты жүз гектардай жерге тұқым сегті.

Егістікті тырмалау, сыдыра жыртыу жұмыстарында тракторшы А. Мощенко, Ф. Кириш жолдастар күнделік нормаларын 130—140 процент орындайды. Олардың өрқайсысы емена сайын 20—30 килограмнан жанар май үнемдеуде.

Бұл бригада өздері жарысқа түскен № 5 бригаданың жұмыстың барлық түрлері бойынша алда келеді.

## ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР ЕГУ ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

Тимирязев атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздар 20 майға дейін дәнді дақыл егу жоспарын орындады. Ал бидай жоспардағы мөлшерден 7 процент артық себілді.

Механизаторлар мен колхозшылар жүгері егісін егуде де өздерінің зор ұйымшылдығын көрсетті. Аз уақыттың ішінде 242 гектар жүгері егісін шаршы-ұялы әдіспен егіп шықты. Көзір олар жоспардан тыс жүгері егуде. Жүгері егу жұмысында істейтіндердің басым көпшілігі комсомолецтер мен одақта жоқ жастар.

МТС-те барлығы 114 тракторшы болса, одан 53 тракторшы тапсырмаларын толық орындады. Ал 29 тракторшы тапсырмаларын артығымен орындап шықты. Көктемгі егісті өткізудегі социалистік жарыста алдыңғы қатарда болған Д. Росинский, А. Моравлев жолдастар басқарған трактор бригадалары болды.

Росинский жолдас басқарған № 6 бригаданың құрамы 9 жұмыс күні ішінде 1162 гектар егіс егіп, бригадаға белгіленген жоспарды 103,3 процент орындап, МТС көлемінде бірінші орынға ие болды. Бұл бригада 713 килограмм жанар, жағар май үнемдеді. 28 гектар жүгері себудің орнына 58 гектар жүгері екті.

Ал Моравлев жолдас басқарған трактор бригадасы да егіс жоспарын артығымен орындап, зор абройға ие болды. Бұл бригада 923 килограмм жанар, жағар май үнемдеді. Бригадада 6 трактор бар. Көзір олардың барлығы да үздіксіз жұмыс істейді. Екі трактор Ворошилов атындағы колхоздағы № 1 трактор бригадасына көменке жіберілді.

Бұл күндері механизаторлардың бірқатары көктемгі пар жыртыу жұмысына кірісті. Пар жыртыу «Непобедимый», «Борьба», Молотов атындағы, Сталин атындағы колхоздарда қызу жүріп жатыр. Тракторшылар пар жыртыу жұмысын да агротехникалық ережелерге сай, қысқа мерзімде орындап шығу үшін өзара социалистік жарысқа түсті.

Егіннен мол өнім алудың тағдыры егісті кезінде өткізумен ғана емес, сонымен бірге егінді баптап, күтіп өсіре білгенде ғана шешілетіндігін колхозшылар жаңсы біледі. Сондықтан МТС қамтуындағы барлық колхоздардың колхозшылары егінді баптап, күтуге өзіндік жүргізуде.

М. МУСИН.

ККП Приешім аудандық комитетінің Тимирязев атындағы МТС аймағындағы секретары.

Булаев ауданындағы «Победа» колхозы жүгері, картоп және овощ дақылдарын қоспағанда 3969 гектар ауылшаруашылық дақылдарын егуді жоспарлаған-ды. Колхозшылар Калинин атындағы МТС-тің механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, көктемгі егіс жұмыстарын қызу жүргізді. Тракторшы Н. Кирилов, Ш. Нарынбаев, Хатуев, тағы басқа жолдастар смелалық тапсырмаларын үнемі артық орындады. Ылғал жабу, топырақты өңдеу, тұқым себу жұмыстары агротехникалық талаптарға сай жүргізілді.

Трактор бригадаларын қамтытын колхозшылар өздеріне тапсырылған жұмысты ұқыптылықпен атқарды. Егіс далаларында жұмыс күні-түні бірдей жүргізілді. Осылардың нәтижесінде колхоз жүгері, картоп және овощ дақылдарын қоспағанда 3980 гектар ауылшаруашылық дақылдарын егіп, жоспарды едәуір артық орындады.

Көзір механизаторлар мен колхозшылар жүгері, картоп егуді өрістеген қарқынмен жүргізіп келеді.

## Чаянов бригадасы алда келеді

Приешім МТС-нің механизаторлары арасында социалистік жарыс кең өріс алды. Олар 1955 жылғы егіннен мол өнім алу үшін көктемгі егісті қысқа мерзімде аяқтау жолында жүресуде.

Жарыста Будонный атындағы колхоз-да жұмыс істейтін М. Чаянов бригадасы алда келеді.

# ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ДАҢҚТЫ ЖАЗУШЫСЫ

(М. А. Шолоховтың туғанына 50 жыл толуына)



Жазушы М. А. Шолохов Вешенск станицасындағы өз кабинетінде жұмыс істеп отыр.

Жазушы академик Михаил Александрович Шолохов Октябрь революциясы, азамат соғысы, социалистік құрылыс қалыптастырған совет жазушыларының бірі. Оның шығармалары біздің елімізде, сол сыяқты шетелдерде кеңінен мәлім. Ол еліміздің халықтарына түгелдей мәлім және сүйікті жазушы. Сондықтан ұлы Сталин оны «Біздің заманымыздың даңқты жазушысы» деп атаған болатын.

Шолохов өзінің жазушылық творчествосы арқылы біздің қоғамымызды, оның алға басуындағы көріністерді кеңінен және терең шындық тұрғысында суреттей алған жазушы. Ол өзінің творчествосымен халықты адам өміріндегі жананың жеңісіне шақырып отырады. Сондықтан да оның шығармаларының басты өзегі өмірдегі адам.

Тамаша жазушы Михаил Шолоховтың ең басты қасиеті мынада: ол өз шығармасында әрбір кейіпкер тағдырын сол кейіпкердің өзі таңдап алған қоғамдық күресте халық өмірінің қозғалысымен байланыстырып отырады. Терең типтік образдар жасай отырып, оларды типтік жағдайда көрсетеді.

Шолоховтың творчестволық қызметінің аса маңызды ерекшелігі оның Дон казактарының өмірін аса көркем және терең шындықта суреттеуінде. Дон казактарының өмірі мен тұрмысынан алынған материалдардан ол үлкен тарихи маңызы бар терең процесті аша алды. Жазушы бұл тақырыпта жазылған шығармаларында біздің еліміздің өміріндегі ұлы бұрылыс

алғашқы «Мең» деген өңгімесі жарияланған болатын. Ал 1926 жылы оның бірінші кітабы «Дон өңгімелері» жарыққа шықты. Бұл кітабында ол азамат соғысы жылдарындағы кескілескен күрес көріністерін суреттеген еді. Жазушы өзінің өңгімелерінде революция жауларының өлермен өшпенділігін, революцияшы казактар ортасында езушілерге қарсы күрес үстінде жаңа жоғары және ізгі қасиеттердің тууын суреттейді.

Тамаша совет жазушылары Горький мен Серафимович Шолоховтың жазушы болып қалыптасуына зор көмек көрсетті. Серафимович оның «Дон өңгімелері» кітабына алғысөз жазып, жас жазушының тамаша талантын бірінші рет атап көрсетті. Ал ұлы Горький совет әдебиетінің жаулары өшпенділікпен жамандап, жарыққа шығарғысы келмеген «Тынық Дон» романының үшінші кітабын жарыққа шығаруға көмектесті.

Шолохов «Тынық Дон» романын 14 жылға жуық уақыт бойы жазды. Бұл романының творчестволық тарихы—Шолоховтың жазушылық шеберлікті меңгеру жолындағы үздіксіз және табанды түрде ізденуінің дәлелі. Романда 10 жыл ішіндегі кезең—1912—1922 жылдар арасындағы кезең оқылғалары қамтылған. Бұл эпопеяның негізгі мазмұны Дон казактарының соғыс және революция кезіндегі тарихи тағдырын көрсету болып табылады. Осы кезеңдегі оқылғаларды суреттеу арқылы Шолохов халықтың қалың бұқарасының революцияға және социализмге өзін бау

нист Штокманға айтқызады. Ол бір топ кедей казактарға өздерінің тарихи-қоғамдық процестегі орындарын түсінуге көмектескен болатын. Шындығында, Штокман революциялық күрестің міндеттерін түсіндіреді, толық қалыптасқан партия қайраткері ретінде хутор коммунистерін Григорий Мелеховқа сенуден сақтандырады. Штокманның сөзі арқылы автор революционерлер көпшілігінің Григорийге деген көзқарасын білдіреді.

Григорий Мелехов—қызу қыймылды, ірі әрекетті адам. Солай бола тұрса да Шолохов Григорийді ашық және қатаң айыптайды, оның әрекетінің, өмір жолының негізсіздігін атап көрсетеді. Мелеховтың трагедияға ұшырауы оның халықтан қол үзгендігінде, революцияға араласпауында, соның салдарынан революцияның қас жауларының лагеріндегілердің қатарында болуында. Григорий Мелехов революциядағы мүлде болмайтын «үшінші жолды» іздейді. Жазушы Мелеховтың образы арқылы адам халықпен бірге болғанда қаншалықты жоғарылайтындығын, ал өз тағдырын халық тағдырына қарама-қарсы қойған уақытта қандай апатқа ұшырайтындығын айқын көрсетеді.

Аксиньяның образы романдағы басты образдардың бірі. Бұл образ орыс әдебиетінде әйел туралы жазылғандардың ең жақсысына жатады. Аксинья да өмірден өз жолын таба алмайды, ең ақырында Мелеховтың қылмысты және жөнсіз қателігінің құрбаны болады. Оның Григорийге деген махаббаты оған шын бақыт бере алмайды.

Социалистік реализм әдісімен жазылған «Тынық Дон» романы—совет әдебиетінің аса тамаша шығармаларының бірі.

1932 жылы Шолохов «Көтерілген тың» романының бірінші кітабын аяқтады. Бұл романда еліміздің өміріндегі аса маңызды бұрылыс—коллективтендіру кезеңіндегі оқылғалар көрсетіледі.

Романда жапшай коллективтендірудің басталуы еңбекші шаруалардың күрес пен еңбектен туған жарқын болашаққа ұлы аяқ басуы ретінде көрсетілген. Автор мұнда ұлы Коммунистік партияның бағыт берушілік ролін терең шындық тұрғыда суреттейді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Шолохов өз халқының адал ұлы ретінде «Правда», «Красная звезда» газеттерінде совет адамдарын зұлым жауды құртуға шақырған тамаша публицистикалық мақалалар мен очерктер жазды және «Олар Отан үшін алысты» романын жазуға кірісті.

Сүйіспеншілік және өшпенділік—бұл шығармалардың негізгі мазмұны. Бұл шығармалар совет патриоттарының неміс фашизміне деген аса күшті өшпенділігін, олардың өз Отанын қорғауына



И. МИХИН.

### Озаттар саны көбеюде

Совет ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозын қамтығын Сартмар МТС-нің № 3 трактор бригадасында еңбек озаттары күн санап көбейіп келеді.

Тракторшы Калекин, Титов жолдастар жоспардағы 110 гектар орнына күніне 120-130 гектар жер тырмаласа, Х. Әубәкіров, В. Шахметов жолдастар тұқым себуге күнделік тапсырмаларын 110-120 процент етіп асыра орындауда. Кәзір бригаданы жұмыс істеп жүрген колхозшылар мен механизаторлардың жартысынан көбі күнделік тапсырмаларын асыра орындап жүргендер.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

трактор бригадасы алда келеді. Өткен жылы бұл бригада осы артельде 1900 гектар тың және тынайған жерлер игеріп, күз үш мың гектар пар мен зябь дайындаған болатын. Көктемнің алғашқы күнінен-ақ механизаторлар дала жұмыстарын кең өрістетіп бастады. Олар екі смена ішінде ғана бүкіл егістік алаңға, 2680 гектарға ылғал жауып үлгерді.

Тұқым себу жұмыстары да шалшаң қарқынмен жүргізіліп келеді. Курбатов, Шерстяков және Липкин жолдастар «ДТ—54» агрегатымен бір күн ішінде жоспардағы 45 гектар орнына, 70 гектар алаңға егін сеуіп жүр. Бригададағы қажырлы еңбек игі нәтижеге жеткізді де. Сегіз жұмыс күні ішінде Чаянов жолдастың бригадасы барлық жаздық дақылдың 85 процентін сеуіп үлгерді. Кәзір мұнда жүгері және картоп дақылдарып отырғызу ісі

бригададағы жұмыстың өнімді болуында, ғылымның жаңалықтары мен озат өдісті жете меңгеру шешуші роль атқаруда. Мұндағы механизаторлардың тең жартысынан көбі тракторда 10—15 жыл істеп, бірнеше мамандықтары бар тәжірибелі адамдар. Мысалы, тракторшы Курбатов жолдас республикамыздың озат тракторшылары тәжірибесін үздіксіз үйренумен бірге, өндірістен қол үзбей бірінші класты тракторшы мамандығына емтихан тапсырды. Сонымен бірге ол комбайнды да жүргізе алады, үстіміздегі жылы шоферлар курсып бітірді.

Ынтыалы, іскер механизаторлардың еңбегі де жоғары бағаланауда. Курбатов, Чаянов, Докучаев тағы басқа жолдастар МТС-нің және аудандық комсомол комитетінің грамоталарымен наградталды.

В. ДИБРОВ.

буржуазиялық дүниеге қарсы күресінің аса күшті шиеленіскен, кескілескен және шарықтау шегіне жеткен кезеңін бейнелеп берді.

Өмір оқиғаларын кеңінен суреттей отырып, халықтың тарихи тағдыры мәселелерін творчестволықпен шеше отырып, Шолохов өмірдің зор шындығын дәлме-дәл көрсетеді, жаңа коммунистік дүниенің туу процесіндегі тартыстарды тарихи шындық тұрғыда ешқандай әсірелеусіз бейнелейді. Ол ескі дүниенің апатқа ұшырауын және жаңа саналылықтың тууын, өсуін аса шебер суретшіге тән қасиетпен көрсетіп береді. Оның шығармалары халықтың ой-арманын, күресі мен жеңісін терең түсінгендіктің дәлелі. Бұл шығармаларда совет адамының өсу жолы, олардың капиталистік дүниеге адамдарының моральдық басымдылығы айқын көрсетілген.

Михаил Шолоховтың әдебиеттік қызметі 24 жылдан басталады. Бұл жылы оның

зор маңызын көрсетеді.

Романда тап күресі айқын суреттеледі. Помещик Листницкийлер, қанішер Мохов, кулак Коршуновтар—Совет өкметінің, революцияның қас жаулары; машинист Котляров, кедей Михаил Кочевой және басқалары—өз хуторларында Совет өкметін бірінші болып орнатушылар. Романда коммунистер шындық іздеуші басқа адамдарға үлгі ретінде, контрреволюция лагерьінің дем берушілеріне қарама-қарсы бағытта көрсетілген. Оларды романның енгізу суреттеліп отырған оқиғаның тарихи перспективаларына дұрыс бағыт береді. Шындығында, жазушы кескілескен тап күресінің эпикалық көріністерін жасауда революциялық лагерді бастаушыларды суреттемейінше ешқандай тарихи құнды эпопея жасауға болмайтындығын дұрыс түсінген.

Шолохов Дон казактарының өткендегі өмірі туралы партиялық бағаны комму-

ресе, Шолоховтың «Өшпенділік ғылымы» атты «Правда» газетінде жарияланған шығармасы совет адамдарын зұлым жауды мейлінше жек көруге, оны жоюға шақырған күшті ұранды шығарма болды.

Кәзір Михаил Шолохов «Көтерілген тың» романының екінші кітабын жазып жатыр. Оның бірқатар тараулары совет оқушыларына кәзірдің өзінде таныс.

Шолоховтың шығармалары тек әдебиеттік факті болып қана отырған жоқ. Ол социалистік құрылыста зор роль атқарған үлкен қоғамдық оқиғалардың маңызын алып отыр. Сондықтан да Шолоховтың романдары советтік классикалық әдебиеттің бірі болып табылады. Сондықтан да Шолоховты совет халқы біздің заманымыздың даңқты жазушысы деп орынды бағалайды.

К. АСТАФЬЕВ,

К. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институтының оқытушысы.

### Республика қалаларының бүгінгі бейнесі

# Ж Е З Қ А З Ғ А Н

Орталық Қазақстанда, Қарағандының оңтүстік-батыс жағында бес жүз километр жерде орналасқан үлкен Жезқазған жұмысшы поселкесі қалалардың қатарына тиіпті жуырда ғана қосылды. Жезқазған деп аталған жаңа қалаға темір жол салынған, ол қаланы Қарағанды көмір бассейнімен, мыс қорыту заводтарымен және еліміздің бүкіл темір жолдарымен байланыстырады. Облыс орталығы Қарағандымен тұрақты әуе қатынасы жасалады. Қаладан 25 километр жерде мыс руднигі кеншілерінің үлкен поселкесі бар. Рудник поселкесін қоса есептегенде Жезқазғанда ондаған мың халық тұрады.

Құлазыған далаға салынған жаңа қала тез өркендеп келеді. Мұнда совет адамдарының жігерлі еркімен қысқа мерзімде ірі өнеркәсіп орындары, тұрғын үйлердің ондаған кварталдары салынды.

Жезқазғанның маңысы «жез қаз» деген сөз. Халық бұл жерлерді осылай деп атап қателеспеген. Мұнда, шындығында, қазатын байлық бар. Бұл аудан мыс рудасының запастары жағынан елімізде бірінші орын алады. Мұндағы мыс запасы Совет Одағындағы барлық белгілі мыс запасының кемінде 30 процентіне және Қазақстандағы мыс запасының 60 процентіне тең. Осы өте бай мыс кендерінің бәрін совет геологтары барлап тапты. Геолог, кәзіргі академик Баньш Имантай ұлы Сәтпаев бұл кендерді барлап табуда көп жылдар бойы еңбек етті. Мұнда кенметаллургия комбинатының құрылысы аяқталғаннан кейін Жезқазған «Түсті металлургияның Магниткасына» айналады. Ол мысты кәзір Уралдың барлық заводтары бәрін отырған мөлшерден артық өндіретін болады.

Рудниктің кеншілері мыс рудасын өндіруді ай сайын арттырып келеді. Мұнда түсті металдар жердің терең қабатында жатады. Сол металдарға жету үшін, ең алдымен, жердің осы қабаттарынан өтіп, шахтылардың, штольнялардың, штректердің және басқа кен забойларының стволдарын жасау керек. Проходчиктер жердің астынан осындай көптеген жолдар салды және олар алдағы уақытта тағыда көптеген жұмыс істеулері керек. Тек осы жылдың өзінде ғана мыңдаған өлшем метр кен забойлары проходқалануға тиіс.

Кен проходқалаушы озат бригадалар бір айда әр забойды 50-60 өлшем метр ұлғайтады. Ал № 51 шахтада проходчиктер бригадирі Мазитов жолдас мартта 70 өлшем метр проходқалады. Бұл шахтада Балмагамбетов жолдастың бригадасы да осындай еңбек өнімділігін көрсетуге жетті. Рудникте әзірлік забойларының әрқайсысы орта есеппен айына 20-25 метр проходқалауғады. Бұл озат проходчиктер бригадалары екі-үш есе тез жұмыс істейді деген сөз.

Проходчиктердің орнына руданы тікелей өндірушілер сменасы келеді. Олар пневматикалық перфораторларды шахтының рудалы қатпарына қадайды. Қопарылған руда скреперлі лебедкалармен тасылып, руда түсіргіштер арқылы негізгі горизонтқа түсіріледі, бұдан кейін электровоздар оны руда көтергішке жеткізеді. Шахтада руда темір жол составтарына тиеліп, Жезқазғанның, Балқаш пен Қарсақпайдың байыту фабрикаларына жөнелтіледі. Бұл жерден күн сайын ондаған вагон руда жөнелтіледі. Забойдан шығарылып темір жол вагонына тиелетін осы руданың бәріне адамың қолы тигізілмей-

ді. Барлық жұмысты тәжірибелі механизаторлар басқаратын машиналар мен механизмдер істейді.

Рудник өркендеген сайын кеншілердің поселкесі де өсіп келеді. Оқтай түзу көшелерде ондаған кварталдар тұр. Әдемі әрі жайлы тұрғын үйлер, мектептер салынған. Поселкеде кітапханалар, аурухана, балалар бақшасы мен ясли, магазиндер, асханалар, үш қабатты қонақ үй бар. Күн сайын кинокартиналар көрсетіледі, жұмысшылардың пәтер үйлерінде радио бар. Поселкенің тұрғын адамдары өздерінің мәдениет үйін мақтан етеді. Рудниктің көркемөнерпазшылар коллективтері оның сахнасында жиі-жиі концерт береді. Жұмыс тәжірибесін алысу жөніндегі кештер қызықты өтеді. Бұрғышы Александр Коростелев пен тілеу қоюшы Петр Никитин жуырда мұнда өздерінің жұмыс өдістері туралы әңгіме өткізді. Мәдениет сарайының балалар секторы—радио, фортепиано, хореография және «өнерпаз қолдар» үйірмелері бар, үйірмеге 250 бала қатысады. Ондаған мың кітаптар, журналдары мен газеттері бар кітапханалар оқушылардың қарамағына пайдалануға берілген.

1947 жылы рудникте музей ашылды. Оның экспонаттары Жезқазған ауданында ондаған мыс рудасы шығарылатын кендер, рудалы алтын, қорғасын, никель, кобальт, молибден, күміс, қоңыр көмір, асбест, магнезит, тальк, тальк сланеці, кварц, металлургиялық известняк, графит, шприт, сульфаттар, құрылыстық тас, түрлі түсті балшықтар, мергельдер, күм, шиферлік сланецтер, архитектура үшін өте бағалы материалдар—гранодиориттер, диориттер, пироксениттер, гипс, охра жә-

не басқалары бар екенін көрсетеді. Музей Қарсақпайдағы мыс қорыту заводы мен рудниктің тарихын, Жезқазғанға ағылшын кәсіпорын иелерінің қалай өткенін, ауданның Совет өкметі жылдарында қалай өркендегенін бейнелейді.

Рудник өнімінің негізгі бөлегі темір жол арқылы Жезқазған байыту фабрикасына жіберіледі. Ол—әліміздегі ең ірі түсті металлургия кәсіпорны. Үлкен су қоймасының жағасында фабриканың орасан зор корпустары ерекше көрінеді. Фабриканың цехтарында отандық ең жаңа жабдықтар орнатылған. Руда машиналар комплексін өткізіледі. Руда ұнтақталып, күшті су ағынымен жуылады. Бұл мысы бар минералдарды балшықтан және басқа қоспалардан айырып, мысы анағұрлым көп руда концентратын алуға мүмкіндік береді.

Салынғанына бір жылдан сәл ғана асқан фабрикадағы барлық жұмысшылардың 80 проценті жастар. Бұл жас өндірісшілер Уралдың, Балқаштың, Қарсақпайдың кәсіпорындарынан, Горький және Медногорск қалаларынан қолөнер училищелерінен жіберілгендер. Кәсіпорынның мамандары Мәскеаның, Ленинградтың, Алматының, Иркутскінің кен институттарын бітірген кадрлар. Москвалық Ковалев флотация цехының смена коллективін басқарады. Инженер Кириченко орташа ұсақтау цехын басқарады.

Фабриканың жас коллективі кәсіпорынның жобаланған қуатын неғұрлым тез игеру, өнім шығаруды арттыру үшін зор жігермен күресуде. Жас мамандар концентратты қосымша ұсақтауға негізделген флотацияның жаңа схемасын жасауда және оны өндіріске енгізу ісінде зор табандылық пен тыянақтылық көрсетті. Бұл жаңалық концентраттардағы металл мөлшерін 40 процент арттырды. Жаңа схема қосымша жабдықтарды пайдаланбастан, қолда бар дйірмендерді толық қуатымен

пайдалану есебінен жүзеге асырылды. Кәзір Жезқазғанның байытушылары мыс-қорғасын рудасын өңдейтін секцияны таяу уақытта пайдалануға тапсыру үшін жұмыста. Мұның нәтижесінде өнімнің жаңа түрін қорғасын концентратын шығару қамтамасыз етіледі.

Қалада байыту фабрикасының басқа тағы бірсыпыра өнеркәсіпорындары: қуатты орталық су электр станциясы, жөндеу-механикалық завод, гараждар, құрылыс материалдары заводы, жергілікті өнеркәсіптің бірсыпыра кәсіпорындары бар. Жуырда тәулігіне 5 тонна нан-булқа шығаратын жаңа нан заводы жұмыс істейтін кәсіпорындар қатарына қосылды. Жергілікті сыра қайнататын заводтың өнімін пайдаланушылар көп.

Жаңа қала тез өсіп келеді. Ол кәзір бейнебір үлкен құрылыс алаңы сияқты. Барлық жерде көтергіш қрандардың стрелкалары көрініп тұрады. Үлкен социалистік қаланың бейнесі күннен күнге анағұрлым толық, айқын әрі нақтылы көріне түсуде. Қаланың көшелерінде екі және үш қабатты әдемі үйлер барған сайын көп салынууда. Кәзір қалада сегіз мектеп және құрылыс техникумы бар, оларда үш мың адам оқыйды, мұнымен қатар 9 балалар бақшалары мен яслилері, 11 клуб пен кітапхана, 30 магазин жұмыс істейді. Парк, ағаш питомнигі бар, көп көшелерге ағаш отырғызылған. Шағын Қаракентір өзенін бөлеген плотина үлкен су қоймасын жасады, одан жас ағаштарға, гүл өсіретін алаңдарға, оғородтарға су жіберіледі. Жаздыгүні су қоймасының жағасы еңбекшілердің тынығатын көңілді орнына айналады. Қалада су проводы, жылыту жүйесі бар.

Жезқазған өсіп, күннен күнге гүлденіп, жақсарып келеді. Быйылғы жылы қалада және рудник поселкесінде жүз мың шаршыметр жаңа тұрғын үйлер пайдалануға берілуді керек. Екі қабатты 12 үй бар жас-

тар қаланың құрылысы аяқталуға тиіс, бұл үйлерде су проводы, жылыту және колонизация проводы болады. Орта мектепке, ФЗО мектебіне және екі асханаға арналған үйлер салынып жатыр. Автоматтық телефон станциясы жабдықталуда. Үш қабатты қонақүйдің құрылысы аяқталып, онда мәнерлеу жұмыстары жүргізілуде.

Жергілікті мәдениет сарайының үйі қандай облыс орталықтарының үйімен салыстырсаңыз да кем соқпайды. Қаланың тұрғындары мәдениет сарайын мақтан етеді. Оның сахнасында облыстық театрлардың коллективтері, сол сияқты Жезқазғандағы гастроль беруге келетін Мәскеаның, Ленинградтың, Алматының және басқа қалалардың артистері өнер көрсетеді. Мәдениет сарайының өзінде де көрушілер арасында зор беделге ие болған көркемөнерпазшылар коллективтері бар.

Жүздеген кеншілер мен байытушылар өздерінің жыйнаған қаржылары мен мейлдеттен алған несиеге кәсіпорындардың көмегімен тиіпті жобалар бойынша меншікті үй салып алды. Соғыстан кейінгі жылдарда қаланың тұрғын үй қоры бірнеше есе көбейді. Мемлекет осы жылдардың ішінде Жезқазғанның тұрғын үй, мәдени және коммуналдық құрылысына жүздеген миллион сом жұмсады.

Жезқазған—әліміздегі жас қала. Оны көру сондай қызықты. Біз онда елімізге, біздің советтік өмірімізге тән нәрселерді көреміз. Еңбекшілер жасампаздық еңбекпен шұғылдануда, ауыр индустрияны өркендетуге зор үлес қосып, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі—Отанымыздың бұрынғыдан да дәулетті, бұрынғыдан да қуатты болуы үшін өздерінің барлық күшін аямай жұмсауда.

Р. ЛЕЙМАН.



# ОТЫЗМЫҢШЫЛАР ТОБЫ

Ғен, жарық, көк майсадай құлпырған жасыл жапырақты өмшөңдер жайқалған теплица ішінде бір топ адам жүр. Олар жайлап басып, теплица ерекшеліктерінің сырына әбден түсініп алғылары келгендей әр нәрсеге бір үңілуді. Өздерін бастап теплица жұмыстарымен таныстырып жүрген агроном Сухомлиноваға жиі-жиі сұрақтар да береді. Аңдап қараған адамға бұлардың көңілсіздігінің-ақ мұндай теплицаны алғаш көріп тұрғандықтары айқын аңғарылғандай.

—Ал, Федор Ксенофонович,—деді Назыкеш Сағынтаев өзінің жерлесі—көкшетаулық Мазурға қарап.—Теплица қалай ұнай ма?

—Енді қалай,—деп Мазур сүйсіне жауап қатты. Мұндай құрылыстар сенің ұнатқың келмеген еркіңе қоя ма.

Олардың бұл сөзін іштей ұнатқан Сухомлинова:

—Ия, теплицамыз кемітерліктей емес. Осы бйылы, тіпті осы жуық арада ғана іске қостық. Өзіміз мұнда өсірген өмшөңдерді базарға шығарып та сатқанбыз,—деді мақтана сөйлеп,—өзі бір тұрған байлықтың көзі.

Әр нәрсеге байымды қарайтын Мазур агрономның сөзіне іштей қосылғанымен де, өзі байқаған ескертшелерін де айтып салды.


—Теплица, сөзсіз, жақсы. Бірақ әлі де жетілдіре түсу қажет көрінеді. Көптеген жұмыс әлі қолмен атқарылады екен.

—Назыкеш, біздің облыста да осындай жақсы жаңалықтар орын алуы керек-ау өзі, ә,—деп Мазур әрі Сухомлинованы қостай, әрі Сағынтаевқа арнай сөйледі сөзін.

—Өз облысымызға қайтып барғаннан кейін мұнда көргендерімізді орынды пайдалануға күш саламыз ғой,—деп тұжырымды жауап қайтарды Сағынтаев.

Бұл әңкүрсияшылар қаладағы колхоз кадрларын даярлайтын ауышаруашылық орта мектебінің тыңдаушылары еді. Тыңдаушы болғанда олар айлап, жылдап оқып-тыңдар емес, колхоздарды кадрлармен нығайту туралы партияның шақыруына жауап беріп, колхоз өндірісіне басшы қызметке баруға тілек білдірген отызмыңшылардың бір тобы болатын.

Бұл курста көзір 32 адам оқып жатыр. Оның ішінде 6 қостанайлық, Көкшетау облысы жіберген 14 адам және өз облысымыздан 12 адам бар. Бұрын бірімен бірі жүздесіп көрмеген, міне енді бір мүдде, бір мақсат—ел үшін қызмет етудегі бір мақсат, бір мүдде әр жерден өкөп бастарын қосқан бұл адамдардың жас жағынан да, қызмет бабынан да көптеген айырмашылықтары бар. Мәселен, Көкшетау облыстық атқару комитеті председателі орынбасарының көмекшісі болып істеген жоғарыда



айтылған Ф. Мазурмен 4 жыл бойы облыстық атқару комитетінде ұйымдастыру тобының меңгерушісі қызметін атқарған Н. Сағынтаевты, болмаса сол облыстағы Шучье тас қарьерінің директоры А. Алексеевко жолдасты алайық. Алексеевко соңғы қызметтегі өкі-үш жылды қоспағанда, бір МТС-те директордың қызметін 18 жыл бойы қол уәбестен атқарып келді. Енді ол өзінің ауыл шаруашылығынан алған бай тәжірибесін колхоз өндірісіне арнауды мақсат еткен.

Колхоздарды маман кадрлармен нығайтуға Солтүстік Қазақстан облысы да өзінің істе сыналған, көпшілік үмітін ақтарлықтай таңдаулы-таңдаулы адамдарын жіберді. МТС-тің бас зоотехнигі П. Симягин, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретарьлары В. Тимошин мен К. Бабкин, қаладағы шағын двигательдер заводы директорының орынбасары П. Александров, мемлекеттік бақылау органынан С. Вдовица сыяқты көптеген жолдастар күні ертең-ақ артта қалған, шаруашылықтары әлсіз колхоздарды алғашығару мәселесін қолға алады.

Бұл отызмыңшылар колхоздарға кадрлар даярлайтын осы мектепте үш жеті дайындық күресінде оқып, программа бойынша 144 сағат сабақ өтеді. Олардың білімдерін толықтырулары үшін барлық жағдайлар жасалған. Оқу тәжірибемен тығыз ұштастырыла жүргізіледі. Алғашқы күні олар Петропавл ауданындағы Киров атындағы колхоздың егіс даласында болып, онда жүтеріні шаршы-ұялап отырғызу әдісімен, сондай-ақ жоғарыда әңгіме болған Петропавл ауданындағы «Луч Ле-

нина» колхозының теплицасының жұмысымен танысты. Екінші күні облыстық партия комитетінің секретары Подгорбунскийдің сентябрь Пленумының қаулысы жөнінде және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы Яловичковтың «Егіс танаптары» туралы оқыған лекцияларын тыңдады.

Бұдан кейін отызмыңшылар Петропавл ауданы, Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде болып, сыйыр сауатын электрлі агрегаттың жұмысымен, Мамлют тұқымдық мал совхозында болып, оның жұмыстарымен танысады. Ал белгіленген программаны аяқтағаннан кейін олардың бәрі де екі айлық тәжірибе мектебінен өтеді, яғни алған білімдерін практика жүзінде бекіту мақсатымен озат колхоздарға барады, содан соң тікелей колхоз өндірісіне қызметке жіберіледі.

Міне, бұлар қажетті құрты өтуді бастаған Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы отызмыңшылардың алғашқы тобы. Бұл топ колхоз өндірісіне жіберілгеннен кейін олардың орнын осы үш облыстан отызмыңшылардың келесі жана тобы басады.

**Е. МЫРЗАХМЕТОВ.**

**СУРЕТТЕ:** болашақ колхоз председателдері — отызмыңшылардың бір тобы. (Солдан оңға қарай): А. Тұраров (Көкшетау), И. Мельников (Қостанай), И. Малько (Қостанай), Т. Ақметжанов пен А. Алексеевко (Көкшетау), мектептегі механика кабинетінде ауыл шаруашылығы техникасымен танысуда.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## СОВЕТ-АРГЕНТИНА САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

БУЭНОС-АЙРЕС, 19 май. (СОТА). Аяқталған Совет-Аргентина сауда келіссөздерінің нәтижесінде осы жылғы 19 майда Буэнос-Айресте Совет Одағы мен Аргентина арасындағы 1955 жылға арналған товар айналымы туралы протоколға қол қойылды.

Аргентина ССРО-ға 100, ірі былғары шикізатын, зығыр майын, ет және басқа товарлар беріп тұрады.

Совет Одағы Аргентинаға мұнай өнімдерін, қара металдар прокатын, шойын, тілінген ағаш материалдарын, машиналар, жабдықтар және басқа товарлар беретін болады.

Протоколға қол қойғандар: Совет жағынан—ССРО сыртқы сауда министрінің орынбасары М. Р. Кузьмин және ССРО-ның Аргентинадағы сауда өкілі А. Н. Манжула; Аргентина жағынан—сыртқы істер министрі Реморино, мемлекеттік бюджет министрі Бонанни, финан министрі Ревестидо, сауда министрі Палареа, өнеркәсіп министрі Сантос және ауыл шаруашылығы министрі Отан.

## ЧАНКАЙШИЛІК ҰШҚЫШТЫҢ ҚХР ТЕРРИТОРИЯСЫНА ҰШЫП ӨТУІ

ПЕКИН, 21 май. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарлауына қарағанда, 18 майда чанкайшилiк ұшқыш, чанкайшилiк соғыс-ауе күштерінің үшінші авиациялық полкіндегі жетінші эскадрильясының барлаушы аға лейтенанты Хэ Вэй-цзинь «ф-47» соғыс самолетімен ҚХР территориясына ұшып өткен.

## СИРИЯ ЖӘНЕ ЛИВАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯЛАРЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕЙРУТ, 22 май. (СОТА). Дамаскіден берілген хабарға қарағанда, Сирия және Ливан Коммунистік партиялары Орталық Комитеттерінің мәжілісі болған.

Орталық Комитет жариялаған мәлімдемде былай делінген: Сирия және Ливан Коммунистік партияларының саясаты империалистік қысымға табанды қарсылық көрсетуді өзінің міндеті етіп қояды.

Орталық Комитет Түркия, Иран және Англия арасында бекітілген шартты, сол сыяқты басқа империалистік соғыс одақтары айыптауда Ливан халқының барлық топтарының бірауыздылық көрсетуін атап өткен.

Мәлімдемеді АҚШ пен Англияның Ливанды Таяу Шығыстағы өзінің соғыс базасына айналдыруға тырысып және осы мақсатпен стратегиялық жолдар, аэродромдар, тағы басқаларын салып отырғандығы атап көрсетіледі.

Орталық Комитет былай деп санайды: Сирия мен Ливанның арасындағы ынтымақтастық екі елдің өмірлік мүдделерін қамтамасыз етудің нағыз берік кепілі болып табылады және сонымен бірге барлық араб халықтарының арасында олар-

## Австриядағы советтік қызмет информациясының хабары

ВЕНА, 20 май. (СОТА). Советтік қызмет информациясының хабарлауына қарағанда, ССРО-ның Австриядағы Жоғарғы комиссары, Төтенше және Полномочиегі Елшісі И. И. Ильичев үстеміздегі жылғы 20 майда Австрия Республикасының Федеральдық Баңкілері Юлиус Рааб мырзада болып, совет әскерлерін Австриядан алып кеткенге дейін советтік соғыс комендатуралары бұдан былайғы жерде көзiргi уақытта советтік әскері бөлiмдерi тұрған

Шығыс Австрияның қалалары мен уездерінде ғана қалдырылатынын мәлімдеген. Соның өзінде уақытша қалдырылатын советтік соғыс комендатураларының жұмыс шеңбері, әскерлердің болуына байланысты, гарнизондық қызмет атқарумен шектелетін болады.

Комендатуралар бұдан былайғы жерде жергілікті австриялық өкімшілік орындарының жұмыстарына бақылау жүргізбейді.

## Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы Варшава Договорын мақұлдады

БЕРЛИН, 20 май. (СОТА). Бүгін Берлинде Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының кезекті мәжілісі болды. Халық палатасы мәжілісінің күн тәртібінде тұрған мәселелер—Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Польша Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословакия Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договор, ГДР-дің 1955 жылға арналған халықшаруашылық жоспары, 1955 жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы заң және басқа мәселелер.

Мәжілістің бас кезінде Халық палатасының депутаттары Дрезден галереясының картиналарын совет үкметінің Герман Демократиялық Республикасы үкметіне беруімен байланысты ГДР Халық палатасы президиумының 1955 жылғы 16 апрельде жасаған мәлімдемесін мақұлдады.

Бұдан кейін председателдік етуші Г. Матерн достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Варшава Договоры жөнінде мәлімдеме жасау үшін ГДР премьер-министрі О. Гротевольфға сөз берді.

Отто Гротевольф Халық палатасының де-

путаттарын Герман Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы қол қойған достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Варшава Договорын бекітуге шақырды.

Халық палатасының депутаттары О. Гротевольдің бұл ұсынысын ду қолшапалақтап қарсы алды.

Жарысөзде шығып сөйлеушілер достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Варшава Договорын ГДР мен бүкіл неміс халқының мүдделеріне бүтіндей және толығымен сай келетін тарихи документ деп, өз фракцияларының атынан мақұлдады.

Халық палатасының Сыртқы істер жөніндегі комиссиясының атынан депутат Р. Агстен сөз сөйледі.

Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Варшава Договорын бірауыздан мақұлдады.

Бұдан кейін Халық палатасы күн тәртібіндегі басқа мәселелерді—Герман Демократиялық Республикасының 1955 жылға арналған халықшаруашылық жоспары туралы және ГДР-дің 1955 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы мәселелерді талқылауға кірісті.

## Болгария Министрлер Советінің хабары

СОФИЯ, 21 май. (СОТА). Болгар телеграф агенттігі былай деп хабарлайды:

Болгария Халық Республикасының Министрлер Советі европалық мемлекеттердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесіне қатысқан үкмет делегациясының басшысы Министрлер Советінің Председателі Выхо Червенковтың есепті баяндамасын тыңдап, бұл кеңестің қарарына өте-өте қанағаттанатындығын білдірді.

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесіне қатысқан үкмет делегациясының есепті баяндамасы талқылап, Болгария Халық Респуб-

1. Варшава қаласында 14 майда достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы жасалынған Договор мақұлданып, сонымен бірге Договорға қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің Біріккен Командованисіні құру туралы Варшава кеңесінің қарары мақұлданып.

2. Халықтық жыйналыс президиумына европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесінде бекітілген достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Договорды бекіту жөніндегі заңнамасын қарау үшін халықтық жый-

## Еңбекшілер баспасөзбен толық қамтылсын



билеу ісінде, оларды коммунизм жолындағы қажырлы еңбекке ұйымдастыруда біздің баспасөзіміз зор роль атқарады. Газеттер мен журналдардың бұл ролін оған әрі күшейтуде оларды еңбекшілер арасына кеңінен таратуды да маңызды зор.

Солтүстік Қазақстан облысының байланыс мекемелері, «Союзпечать» органдары үстеміздегі жылдың екінші жартысына газеттер мен журналдарға жазу жұмысын жүргізуге кірісті. Кәзір облыстың байланыс органдары, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары алдында үстеміздегі жылғы 10 июньге дейін еңбекшілерді орталық, республикалық және облыстық газет, журналдарға 31 мың данадан астам мөлшерде жазылуды қамтамасыз ету міндеті тұр.

Айта кету керек, өткен жылы 1955 жылдың газеттері мен журналдарына жазылу науқаны кезінде баспасөзге жазылу ұзақ мерзімге қамтамасыз етілмеді, мәселен, үстеміздегі жылы 1 июльде 31795 дана газет пен журналдың жазылу мерзімі аяқталады. Мұның өзі облыс бойынша таратылуға тиісті жоспарлы тираждың 30,4 проценті.

Үстеміздегі жылдың екінші жартысына газет пен журналдарға жазылу апрель айынан бері басталды. Алайда баспасөзге жазылудың бағысы кәзіргі кезде мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. 15 майға дейінгі мәлімет бойынша, баспасөзге жазылу небары 7,6 процент қана орындалған. Жазылу мерзімі аяқталатын газеттер мен журналдар есебі бойынша, Петропавл қаласында 12200 дана таратылуы керек. Сөйте тұрса да, қаланың бастауыш партия

шешу жөнінде ешқандай жұмыс жүргізбей келеді. 27 апрельде қалалық партия комитеті қала бастауыш партия ұйымдары секретарьларының кеңесін өткізіп, онда партия ұйымдарының 1955 жылдың екінші жартысына баспасөзге жазылуды жүргізудегі міндеттері туралы мәселе талқыланды. Алайда қалалық комитеттің бұл нұсқауы әлі жүзеге асырылмай отыр. Рәс, кейбір бастауыш партия ұйымдарында бұл мәселе партбюро және партком мәжілістерінде талқыланып, шаралар белгіленді. Бірақ қалада шара белгілеу бар да, оны орындау жоқ, демек баспасөзге жазылуды ұйымдастыру және жүргізу жөнінде ешқандай да жұмыс жүргізілмей келеді.

Мұндай төзгісіз жағдайды облыс аудандарынан да кездестіруге болады. Аудандық партия комитеттері мен олардың насихат және үгіт бөлімдері бұл мәселеге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмей отыр. Ал жергілікті жерлерде байланыс органдары партия ұйымдары тарапынан бақылаудың болмауын пайдаланып, бұл аса маңызды саяси науқанды бетімен жіберді. Мұның өзі мынадан да көруге болады: апрель айының басынан бері баспасөзге жазылу көрсеткіші Мамлют ауданында небары 19 дана, Совет ауданында—34 дана, Полудень ауданында—57 дана, Соколов ауданында—73 дана болды.

Ендігі жерде баспасөзге жазылу ісін ұйымдастырудағы мұндай кемшіліктерге, орынсыз жайбарақаттыққа төзуге болмайды. Жергілікті байланыс, «Союзпечать» органдары, партия және комсомол ұйымдары еңбекшілерді үстеміздегі жылдың

тін газеті мен журналдарына қайрадан түгелдей қамтуды қамтамасыз етерліктей нағыз белсенді шараларды қолдануға тиіс.

Газет, журналдарға жазылу—бұқаралық науқан. Оның табысты болуы бұл іске бұқараның кеңінен қатысуына, почта қызметкерлерінің, баспасөз таратуға ынталы ұйымдар мен ведомстволардың белсене қатысуына байланысты. Колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде және кәсіпорындарда баспасөзге жазу пункттерінің жұмысын бұрынғыдай қалпына келтіру керек. Тың және тыңайған жерлерді игеруге желген патриоттарды баспасөзбен қамтуға ерекше назар аударылуы қажет. Бұл мәселеге партия мен үкімет ерекше көңіл бөліп отыр. Оның айғағы сол, жаңа қоныстанушыларды ескере отырып, тек үстеміздегі жылдың екінші жартысына ғана орталық газеттер мен журналдардың тиражынан қосымша 1600 дана шығарылады. Бұл газеттер мен журналдарды жаңа қоныстанушыларға толық тарату үшін байланыс органдары жұмысты нысығырақ істеулері керек.

Газеттер мен журналдарға жазылудың аяқталуына санаулы-ақ күндер қалды. Осы аз уақыттың ішінде баспасөз тарату ісін аброймен орындап шығу үшін бұл істі ең алдымен партия ұйымдары өз қолдарына алып, байланыс органдарының жұмысты ұйымшылдықпен, іскер шапшаңдықпен жүргізулеріне басшылық жасаулары керек.

**Ғ. ШЫҒАЛИЕВ,**  
«Союзпечать» республикалық бөлімі бастығының орынбасары.

дың империализмге және соғыс қатеріне қарсы күресіндегі ынтымақтастықтың бұдан былай да нығаюына көмектеседі.

### ГЕНУЯ ПОРТЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ЕРЕУІЛІНІҢ ТАБЫСЫ

РИМ, 21 май. (СОТА). Италия баспасөзінің хабарлауына қарағанда, Генуя порты өнеркәсіп кәсіпорындары жұмысшыларының 119 күнге созылған ереуілі ереуіл көтерушілердің жеңісімен аяқталды. Ереуілге қатысушыларды дөкерлер белсенді түрде қолдап, ынтымақтастық ретінде бірнеше рет жұмысты тоқтатты. Оларға Генуяның барлық еңбекші жұртшылығы көмек көрсетті және қолдап отырды.

Кеме иелері мен жергілікті өкімет орындары өздерінің ереуіл көтерушілердің еркіне қарсы тұра алмайтындығына көздері жеткеннен кейін порт кәсіпорындары жұмысшыларының жөндеу жұмыстарын жүргізетін қызметкерлерді жыйнау және оларды кемеге жөнелтуге бақылау жасау правосын еңбекшілер ұйымдарына беру туралы талаптарын қанағаттандыруға мәжбүр болды. Ал мұндай бақылаудың болмауы кеме иелеріне кеме жөндеу жұмысымен айналысатын жұмысшыларды қатаңдықпен қанауға мүмкіндік беретін еді.

### АМЕРИКАН МОНОПОЛИСТЕРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТІҢ БӘСЕНДЕТІЛУІНЕН ҮРЕЙЛЕНЕДІ

НЬЮ-ЙОРК, 21 май. (СОТА). Американдық «Бизнес Уик» журналы АҚШ-тың көптеген кәсіп иелеріне «шиеленістің бәсендетілуі» АҚШ-тың соғыс экономикасына, соғыс шығындарын азайтуға қандай дәрежеде әсер ете алар еді деген сұрақтар берген. Бұл сұраққа берген жауаптардан халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсендету перспективасы американо-полистеріне ұнамайтыны, өйткені олардың соғыс шығындарын азайту өздерінің әрекеттерін «қысқартады» деп қауіптенетіндігі көрініп отыр.

Американдық қару-жарақ фабриканттарын «тыныштандыруға» әрекет етіп, журнал былай деген: жұық арада болған оқылғалар АҚШ-тын соғыс шығындарын «шұғыл» азайтуды тудырмайды. Егер тіпті ең соңғы халықаралық оқылғалар шиеленісті бәсендетудің белгілері болып табылғанмен, деп жазады журнал, онда «бұл перспектива кәсіп иелерін үрейлендіруге тиіс». Егер «жөгергілардың» кеңесінде, —деп жазады журнал, —бір нәрсе шешілетін болса (бұл жерде халықаралық шиеленістің бәсендетілуі еске алынып отыр. Редакцияның ескертпесі), ол іс жүзіне өте баяу асырылады... 1956 финансы жылына берілетін соғыс зақаздарының қаймағы да қозғалмайтын болады.

ликасының министрлер Советі бірауыздан мынадай қарар қабылдады:

### Аналардың таяу уақытта болатын Бүкіл дүниежүзілік конгресі жайында

БЕРЛИН, 20 май. (СОТА). Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресін әзірлеу жөніндегі халықаралық комиссия бүгін хабар жариялап, онда бұл конгресінің Парижде 1955 жылы 7 июльден 13 июльге дейін өтетіндігі атап көрсетілген.

Хабарда мынау аталынып көрсетілген: 65 елде аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне белсенді өзіндік жүргізілуде. Барлық жерде де аналардың балаларды қорғауға арналып, бейбітшілік жолындағы, атом соғысына қарсы, қарусыздандыруды және халықтардың арасындағы достықты жақтаған ұлттық конгресі конференциялары мен жыйналыстары өтуде. Әйелдердің әртүрлі топтарының, әртүрлі өйелдер ұйымдарының өкілдері болып табылатын делегаттар сайлануда. Сайланғандардың ішінде аналардың Бүкіл

дүниежүзілік конгресінің мақсатын қолдайтын көптеген көрнекті қайраткерлер бар.

Хабарда июль айы «аналар айлығы» деп жариялау ұсынылған. Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресін қолдауға арналған жыйналыстар, митингтер мен айтыстар және басқа да шаралар өткізу ойластырылып отыр.

Конгреске өзіндік жөніндегі халықаралық комиссия барлық әйелдер ұйымдарын конгреске желуге шақырды.

Біз барлық ұйымдарды, барлық аналарды осы конгресіті қолдауға, оған белсенді өзіндік өрстетуге және конгреске қатысатын өздерінің делегацияларын сайлауға шақырамыз, делінген таратылған үндеуде.

### Азия мен Африка елдері кәсіподақ өкілдерінің Пекиндегі кездесуі

ПЕКИН, 21 май. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: мұнда Азия мен Африканың 15 елі кәсіподақтарының 213 өкілінің кездесуі болды, кездесу Қытайда Бірінші Май мерекесіне қатысқан Жапония, Индия және Индонезия кәсіподақтары делегацияларының инициативасы бойынша ұйымдастырылды.

Делегаттар өздерінің сөздерінде Азия мен Африка елдері жұмысшы табының бейбітшілікті қорғауы, ұлттық тәуелсіздік үшін және отаршылдыққа қарсы күресудегі атом және сутегі қаруларына тыйым салу және атом қуатын бейбіт мақсаттарға жұмсауды, сол сыяқты Азия мен Африка елдері жұмысшы табының халықаралық достығы мен бірлігін нығайтуды талап етудегі ортақ мүдделерін білдірді. Иран, Сирия және Ливан кәсіподақтарының делегаттары өз елдерін соғыс

бөктеріне кіруге мәжбүр етіп отырғандықтары және олардың елдерінің территорияларында соғыс базаларын жасағандығы үшін империалистерді айыптады. Делегаттар Бандунг конференциясы қабылдаған қарарды бірауыздан қолдайтындықтарын білдірді. Олар барлық елдердің бейбітшілікпен қатар өмір сүру принципін қолдап, жұмысшы табының халықаралық ынтымақтастығы бейбітшіліктің кепілдігі екенін атап көрсетті.

Кездесуге қатысушылар жұмысшылардың тұрмыстары мен еңбек жағдайлары, кәсіподақ жұмыстары тәжірибесімен және кәсіподақ делегацияларымен алмасу туралы информациялар ауысу жөнінде ұсыныс енгізді.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«СЕНТЯБРЬДІҢ БАТЫРЛАРЫ»

«БӨГЕЛЕК»

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

### ЛЕНИН АУДАНЫНДА БАСПАСӨЗ ТАРАТУ НАШАР

Баспасөзді еңбекшілер арасында кең тарату жергілікті партия және совет ұйымдарының басты міндеттерінің бірі. Солай бола тұрса да Ленин ауданының партия және совет ұйымдары бұл жұмысқа жеткілікті дәрежеде мән беріп отырған жоқ. Бұған осы уақытқа дейін бұл ауданда лимит бойынша бөлінген 2 мыңға жуық түрлі газеттер мен журналдардың таратылмай отырғаны толық мысал бола алады. Ең алдымен аудан басшыларының өзі баспасөзге маңыз бермейді. Мәселен, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Еремина жолдас жыл басынан бері бірде-бір газетке жазылған емес. Ал бұл жағдайда оның халық ағарту орындарында қызмет істейтін мұғалімдерге «өз білімдеріңді көтеріңдер» деп қалайша кеңес беретіндігі күмән келтіреді.

Аудандық жыйнақ кассалары бөлімшесінің меңгерушісі Рахметов жолдас ауданда өзін «білімдімін» деп санайды. —Көп оқыған, білімді адам,—дейді ол

туралы аудандық партия комитетінің секретары Сәрсенбаев жолдас. Бірақ Рахметовтың қазақ тілінде шығатын бірде-бір газет не журналға жазылмайтындығын, елімізде болып жатқан жаңалықтарды білмейтіндігін ол еске де алмайды.

Баспасөз тарату ісі әсіресе Ильинск байланыс бөлімшесінің қамтуындағы елді пункттерде өте баяу жүргізіліп отыр. Мәселен, Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінде үстеміздегі жылдың екінші жарты жылдығы үшін бірде-бір газет, не журнал таратылған жоқ.

Ал байланыс бөлімшесінің бастығы Сырин жолдас көпшілік уақытын Ильинска селосында өткізіп, басқа колхоздарда баспасөз тарату ісімен айналысуды міндетім деп есептемейді.

Белецкая бастық болып істейтін Корнеевка байланыс бөлімшесінің қамтуындағы колхоздарда да баспасөз тарату ісі ойдағыдай емес. Мұнда әсіресе «Бұлақ» колхозындағы жағдай мүлдем төзгісіз дә-

режеде. Колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Мақымов жолдас пен колхоз председатели Агажанов жолдас ағымдағы шаруашылық жұмыстарға баса көңіл аударып, еңбекшілердің рухани қажеттерін өтейтін баспасөзді тарату ісіне мүлдем мән бермей отыр.

Ауданның колхоздары мен совхоздарында қызмет істейтін оқытушылар көпшілігінің баспасөз тарату ісіне белсене қатысуы былай тұрсын, тіпті олардың өздерінің газет, журналдарға жазылмай отырғандығын жасыруға болмайды. Мәселен, осы уақытқа дейін Корнеевка байланыс бөлімшесінің қамтуындағы мектептерде 20-ға жуық мұғалімдерге газет тартылмаған.

Баспасөз—еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелейтін құрал. Сондықтан да Ленин ауданының басшылары баспасөз тарату ісінде орын алып отырған бұл кемшіліктерді тез арада жою үшін нақтылы шаралар қолдануға тиіс.

**Қ. ШОҚАТОВ.**

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс,

көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сойлесуге болады.